Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

9 | СӘУІР СЕНБІ | 2016 жыл №51-52 (19136-19137) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

ПРЕЗИДЕНТ

НЕГІЗГІ САЛАДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Елбасы АҚШ-тың энергетика министрі Эрнест Монизді қабылдады.

Кездесу барысында энергетикалық қауіпсіздік, мұнай-газ индустриясы, электр энергетикасы және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері қарастырылды.

Сондай-ақ тараптар энергетика саласын дамытудағы басты трендтерді, мұнай бағасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі факторларды, дәстүрлі энергия көздерінің орнын басатын жаңа энергия түрлерін пайдалану перспективаларын талқылады.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев пен Э.Мониз еліміздің энергетика секторына Америка компанияларының қатысу аспектілерін, Қазақстанда «жасыл энергияны» пайдалану аясын кеңейту жөніндегі жоспарларды, ядролық энергетикадағы жаңа технологиялар мен жаңғыртылатын энергия көздерінен энергия өндіруге жұмсалатын шығыстар жайын да сөз етті.

Ядролық қауіпсіздік тақырыбына арнайы назар аударылды, бұл мәселе бойынша екі ел арасындағы өзара ынтымақтастық нығайып келеді. Қазақстан мен АҚШ ядролық материалдар қауіпсіздігін арттыру, жоғары байытылған уранды қолдану аясын тарылту бағытында бірлесе жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ Иранның ядролық бағдарламасы жөніндегі келісімге қатысты мәселелерді шешу ісіне қосқан Қазақстанның елеулі үлесі атап өтілді.

Э.Мониз біздің елде өткен келіссөздердің жемісті болғанына назар аударды және кездесуде айқындалған барлық мәселелер бойынша Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықтың бұдан әрі жалғаса беретініне сенім білдірді.

«ӘЛЕМ. XXI ҒАСЫР» МАНИФЕСІ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ РЕСМИ ҚҰЖАТЫ МӘРТЕБЕСІН АЛДЫ

2016 жылғы 31 наурыз - 1 сәуір аралығында Вашингтон қаласында өткен IV Ядролық қауіпсіздік саммиті жұмысына Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуына байланысты БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығын, тұтастай Нью-Йорктегі дипломатиялық қауымдастықты осы кездесуде жоғары деңгейде ұсынылған ҚР Президентінің авторлығымен шыққан «Әлем. XXI ғасыр» Манифест атауымен мүлдем жаңа құжат-парадигманы таныстырды. БҰҰ бас Хатшысы Пан Ги Мунға, сондай-ақ әлемдік ұйым жанындағы барлық мүше мемлекеттердің Тұрақты Өкілдеріне тиісті хат жіберілді.

ҚР Тұрақты Өкілдігінің Бас хатшысына үндеуі нәтижесінде Манифест БҰҰ Бас Ассамблеясының және Қауіпсіздік кеңесінің ресми құжаты мәртебесін алды.

ҚР Тұрақты өкілдігі Манифеспен Нью-Йоркте 2016 жылғы 4 сәуірде жұмысын бастаған БҰҰ Қарусыздану жөніндегі комиссиясының 2016 жылғы субстантивті сессиясының делегаттарын да таныстырды. Манифест сондай-ақ ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясының Бірінші комитетінің және БҰҰ Қарусыздану жөніндегі комиссиясының Quick First жүйесіне ресми құжат ретінде орналастырылды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕМІСТІ БАСТАМАСЫ

Шиелі кентіндегі кондитерлік цехының өнімдері үлкен сұранысқа ие. Онда тәттілерден бөлек нан өнімдерінің бірнеше түрлері күнделікті дайындалып, сауда орындарына жөнелтіліп жатады. Тандыр нан және де тапсырысқа сай тоқаштар мен бөлкелердің бірнеше түрі тұтынушылар талабынан шығып келеді. Отандық өнім өндіру мекемесінде ашылған күннен бері еңбек ететін Мәдина Исмайлова, Гүлнар Мұқашева, Фарида Тәшімова, Ұлжан Әбішбаевалар ауысым арқылы өндірісті жұмысын тоқтатпай, шеберліктерін шыңдау үстінде. Оларға қажет кезде Ақерке есімді және бір шебер көмеккке келеді. Өйткені, күнделікті өндірілетін өнімнің сыртында мейрамханалар мен дәмханалардан шұғыл тапсырыстар түсіп жатады. Сондай-ақ, жеке отбасылар немесе мекемелерден де аталған кондитерлік цехының өнімдеріне құштарлық танытатындар табылып жатады.

– Тәтті печеньелердің де бірнеше түрінің қалыптары бар, оларды да сұранысқа сай, сапалы етіп дайындап береміз. Ал адам көп еңбек ететін өндіріс орындары да біздің жапқан бөлкелер мен таба нандарымызды, тәуір көреді. Өйткені, баға оншалықты қымбат емес бастысы – сапасы мен тазалығы. Тұтынушы алдында ұятқа қатып, сенімсіз болмасақ екен деймін, – деп ағынан жарылды кондитерлік цехын ашу жобасының авторы және ақылшы ұстазы Ғалия Сүлейменова. Цех 2004 жылдан бері жұмыс істеп, тұтынушыларына өз өнімдерін ұсынып келеді. Бұрын жалға алып жұмыс істеп келсе, соңғы екі жылдан бері өз ғимараттарына қол жеткізді. Ғимаратта шикізатты, нанды сақтайтын қойма, жұмысшылардың демалыс бөлмесі, жуынатын орындары тазалыққа сай қалыптастырылған. Нақты кезеңде кондитерлік цех жанынан бағасы арзан дәмхана да жұмыс істейді. Оған қызы Гүлжан жетекшілік етсе, жалпы кәсіптің тізгіні ұлы Алмастың қолында. Осылайша Елбасы назарындағы отбасылық бизнесті жандандыру барысында байырғы сауда саласының есеп қызметкері Ғалия Сүлейменова өзгеге үлгі боларлық қызмет саласын ұйымдастырып, жолға қойып отыр. Онда айына 600 мың теңгеден астам нан өнімдері дайындалып, халықтың тұтынуына ұсынылып келеді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

«БОЛАШАҚҚА» ҮМІТКЕР БОЛ

Бейсенбі күні әкімдік ғимаратында облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжехаңұлы мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Президенті Ғани Нығыметовтың қатысуымен халықаралық «Болашақ» стипендиясына құжат қабылдау науқанының басталуына орай селекторлық жиын өтті. Шарада алдымен Рауан Кенжехаңұлы сөз сөйлеп, «Болашақ» бағдарламасының маңыздылығын тілге тиек етті. Сонан соң, астаналық мейман Ғани Нығыметов стипендиат атанудың талаптарына тоқталып, биылғы өзгерістерді санамалап айтып берді.

Шетелдің маңдайалды оқу орындарында білім алуды екінің бірі армандайды. 1993 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Болашақ» бағдарламасы осынау арманның орындалуына үлес қосып келеді. Бүгінгі күнге дейін бағдарлама шеңберінде 12 мыңға жуық стипендиат иегері атанған. Олардың 9 мыңы оқуын бітіріп, елімізде қызмет етіп жатыр.

– Қазақстанның жоғары білімді азаматтары стипендиат атануға құқылы. Жасқа шектеу қойылмайды. Магистратураны 1-2 жыл көлемінде, докторантураны 4-5 жыл оқиды. Ал, тағылымдамадан өту мерзімінің ұзақтығы 12 айға дейін. Конкурс 5 турдан тұрады. Алғашқы кезеңде шет тілін білудің деңгейі анықталады. Содан кейін, қазақ тілінен сынақ тапсырады. Үшінші турда шетелде оқу және тұру қабілеттеріне психологиялық диагностика жүргізіледі. Төртінші – Ата заңды, ел тарихын, үміткердің кәсіби даярлық деңгейі анықталады. Соңынан барып, барлық турлар қорытындылары негізінде «Болашақ» стипендиясын тағайындау не одан бас тарту туралы соңғы шешім қабылданады. Ал, өз бетімен шетелдік оқу орындарымен байланысып, оқуға шақырту алғандар құжаттарын бізге өткізіп, бағдарлама шеңберінде оқи алады, - деді Ғани Нығыметов жиын барысында.

2-бет

ИНВЕСТОРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Инвестиция – экономиканың күре тамыры. Қызылорда облысының бұл орайдағы жетістіктері көпке үлгі боларлықтай. Анығы, қазіргі таңда инвестиция тарту көрсеткіші бойынша облысымыз республикада көш бастап тұр. Бұл соңғы екі-үш жыл көлеміндегі тынымсыз еңбектің нәтижесі. Әрине, тоқмейілсуге болмайды. Бюджеттен тыс қаржы көздерінің экономикаға қосар үлесін еселеу қолайлы жағдай туғызып, инвесторлардың өңір өндірісіне қызығушылығын арттыруға тиіспіз. Өткен жылдың 5 қаңтарынан бастап, ел Үкіметінің қаулысымен бекітілген ережеге сәйкес, инвесторлар үшін «бір терезе» қызметі қолға алынған болатын. Аталған бастаманың жүзеге асу барысы қалай? Туындаған мәселелерді шешу жолдары қалай? Кеше облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреевтің қатысуымен өткен семинар осы сұрақтарға жауап іздеді.

Жиында жүргізген облыс әкімінің орынбасары өңірдің инвестиция тартудағы жетістіктерін тілге тиек етті. Құрылысы жүріп жатқан шыны, цемент, өзге де зауыттарды мысалға ала отырып, өңір экономикасы үшін инвестицияның қаншалықты маңызды екендігіне тоқтады.

– Қазіргі таңда Иран мемлекеті кәсіпкерлерімен келіссөздер жүріп жатыр. Оларды Сыр елінің топырағы қызықтырып отыр. Бұдан да басқа қолға алынатын жобалар бар. Жыл сайын «Байқоңыр» бизнес-форумын өткізіп отырмыз. Келесі форум мамыр айында өткізіледі деп жоспарлануда. Қаншама шетелдік кәсіпкерлер, инвесторлар келеді. Осы орайда олардың бизнес-жоба ұсынып, оны жүзеге асыруына көмектесуге тиіспіз. Өйткені, бүгінгі күні ел экономикасы шағын кәсіпкерлікті дамыту мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүдделі, - деді Ғалым Әміреев.

Содан соң, «Инвесторға бір терезе» қызметін ұйымдастыру бағыты бойынша «Kaznexlnvest» акционерлік қоғамының өкілі Мади Қанафин баяндама жасады. Талқыға түскен тақырыпты түсініктірек айтар болсақ, «бір терезенің» мақсаты – инвестордың жұмысын жеңілдету, әрі жеделдету. Қазіргі таңда №1 бөлімінде инвесторларға қызмет көрсету секторы өз қызметін бастаған. Яғни, сырттан келген инвестор осында келіп, жобаны жүзеге асыру үшін қажетті мағлұмат алады. Сондай-ақ, құжаттамаларды тіркеуіне, жинауына көмектеседі. Жиында баяндама жасаған «Халыққа қызмет көрсету орталығының» облыстық филиалы төрайымы Аида Әбибуллаеваның айтуынша, «бір терезе» жұмысын бастағалы бері 4 қызмет көрсетіліп, 7 кеңес берілген. Көрсеткіш, әрине, көңіл қуантпайды. Өйткені, жаңа бастаманың әлі де болса пысықтайтын тұстары көп.

Семинар қорытындысында облыс әкімі инвесторларға жағдай жасауы тиіс аталған қызметтің жұмысын жетілдіруді, мамандардың білім-білігіне баса назар аударуды тапсырды. Сондай-ақ, алдағы уақытта осы мәселе бойынша арнайы семинар ұйымдастырып, туындаған мәселелерді ретке келтіру қажеттігін айтты.

Нағымжан САУЯЕВ.

ТАЛАП

Кеше облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязовтың төрағалық етуімен Қызылорда облысы аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі облыстық жұмыс тобының селекторлық отырысы өтті. Шараны ашқан Серік Салауатұлы сәуір айынан бастап, қар түсетін кезеңге дейін орман және дала өртінің алдын алу жұмыстары жүргізілетінін атап өтті. Бұл жұмыстарды аудандарда атқару жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

ДАЛА ӨРТІНЕ ӨРІС БЕРМЕУ өзімізге байланысты

Мұнан соң облыс аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы жайлы облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Еркебұлан Бекжанов хабарлама жасады. Хабарламашы атап өткеніндей, бұл бағытта біршама жұмыстар атқарылғанымен 2015 жылы облыс бойынша барлығы 10 орман және дала өрті орын алған. Оның 7-і орман қоры жерінде тіркеліп, соның салдарынан 61,7 гектар (оның 28,3 гектары орманды алқап) алаң өртеніп, 16,8 млн теңгеге залал келтірілді. Өрт оқиғаларының 3-і Қызылордада, 3-і Жаңақорғанда, тағы бірі Шиеліде болды. Басқарма басшысы 2016 жылға арналған орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары 22 тармақтан тұратынын жеткізді. Жоспарға сай облыстық жұмыс тобы құрылды. Мұндай жұмыс топтары аудандар мен Қызылорда қаласында құрылып отыр. Жоспарға сай, 15 сәуір мен 15 мамыр аралығында орман шаруашылығы мекемелері төтенше жағдайлар органдарымен бірлесе барлығы 8 өрт-тактикалық жаттығу өткізеді. Сондай-ақ қауіпті кезеңде өрт сөндіру үшін жанар-жағармай материалдары қоры құрылады. Сонымен қатар, орман өртінің алдын алу мақсатында ағымдағы жылы 438 шақырымдық жаңадан өрт жолақтары жүргізіліп, 3193 шақырым ескі өрт жолақтары қалпына келтіріледі.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Омар Бержанов өз кезегінде өрттің алдын алу және өрттен келетін экономикалық шығындарды азайту жөніндегі іс-шаралар бойынша кешенді жұмыстар атқарылып жатқанын айтты. Қалалық және аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемелерде 5 өрт мұнаралары, 9 өрт сөндіру автокөлігі, 52 өрт сөндіруші, 14 қосымша тіркемелі трактор бар. Сонымен қатар арқаға салып жүретін 33 өрт сөндіргіш, 8 мотопомпа, 512 ұрғыш пен 8 радиостанция бар. Ал департаменттің өрт сөндіру қызметінде 2 бірлік өрт сөндіру сорғыш станция, 2 жеңдік өрт сөндіру автокөлігі, 2 өрт сөндіру автосорғышы, және 54 негізгі өрт сөндіру автокөлігі жасақталған.

Мұнан соң селекторлық байланыс арқылы аудан әкімдері жергілікті жерде жасалып жатқан жұмыстар жайында есеп берді. Отырысты қорытқан С. Қожаниязов мамыр айында табиғатқа шығып серуендеушілер көбейетін уақытта сақтық шараларын күшейту қажеттігін атап өтті. Өрт шыға қалған жағдайда кінәлілердің жауапкершілігі қаралуы қажеттігіне назар аударды.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

СИРЕК КӘСІП

ҚЫРҒАУЫЛДЫ КӨБЕЙТУДІ ҚОЛҒА АЛДЫ

Бүгінгі нарық қоғамында кәсіптің түрі көбейді және кәсіппен айналысып, табыс табамын дегендерге мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп отыр. «Байқоңыр» ӘКК әлеуметтік өзіндік бастамасының шеңберінде ауданымыздан 41 адам ұсынған жобалары бойынша қайтарымсыз қаржыға ие болды. Жеңімпаз жобаларды жүзеге асыру мақсатында кәсіптерін бастағандардың қатарында кент тұрғыны Дана Ермаханова да бар. Кәсіпкер өз жобасы бойынша 650 мың теңге қаржылай грантқа қол жеткізіп, қырғауыл асырауды қолға алған. Тауық тұқымдасына жатқанымен, қырғауыл жабайы дала құсы. Сондықтан қырғауылды қолға үйрету оңайға соқпайды. Ауласының бір бұрышына арнайы салынған қоражайдың ішіне құс асырауға қолайлы жағдай жасалған. Әзірге бұл жерде түз құсының 2 қоразы мен 6 мекиені жүр. Алдағы уақытта бұлардың қатары Қарағанды, Шымкент, Қызылорда қалаларынан әкелінетін алпыс қырғауылмен толығады. Кәсіпкер ересек әр қырғауылды нарықтағы бағасы бойынша 10-15 мың теңгеден сатып алған. Сондықтан бұл құстың әрбірінің амандығы алтыннан қымбат.

– Менің бұл кәсіпті бастаудағы негізгі мақсатым – қырғауыл құсын көбейтіп, сату. Қарап отырсақ, бүгінде біздің күнделікті тұтынып отырған тағамдарымыздың көбі ішкі ағзамыздың жұмысына кері әсерін тигізіп, түрлі аурулардың туындауына себепкер болып отыр. Соның ішінде мал өнімдері ағзадағы холестерин мөлшерін шамадан тыс арттырып, түрлі кеселге шалдықтыруда. Жалпы қазақ халқы тағамды етсіз жемейді. Әрине, дүкендердегі мұздатылған тауық еті диеталық тағам ретінде тұтынушылар тарапынан үлкен сұранысқа ие. Алайда тірі күйінде немесе жаңа сойылған қырғауыл етінің орны мүлде бөлек. Бұл дала құсының тірілей салмағы 700-800 грамм тартады. Еті дәмді және өте жеңіл, ағзаға сіңімді. Кейбір деректерге сүйенсек, қырғауыл еті көптеген ауруларға ем ретінде қолданылады. Мәселен, қырғауыл еті құрғақ ыстыққа бейім, қан толтырады, ішкі мүшелерді қуаттандырады, сорпасы жүйке әлсіздігіне шипа. Сол үшін де біз алдағы уақытта қырғауыл санын 500-ге жеткізіп, өнімін халыққа тиімді бағамен ұсынуды жоспарлап отырмыз, - дейді кәсіпкер.

Иә, қазірде инкубаторлық әдіспен басылып жатқан қырғауыл жұмыртқаларынан таяу арада шиқылдаған сары үрпек балапандар пайда болады. Кәсібін бастамас бұрын оның қыр-сырын әбден зерттеген Дананың айтуынша, қырғауыл үй құстары секілді жыл он екі ай бойы жұмыртқа бермейді, тек көктем мен күз мезгілдерінде жұмыртқалайтын көрінеді. Сондықтан бұл құстың қарасын молайтып, кәсібін кеңейтуді көздеген кәсіпкер мүмкіндігінше жылдың осы екі мезгілін тиімді пайдалану керек екенін айтады. Біздің білгеніміз, бұл дала құсы үй құсына қарағанда ерекше күтімді қажет етеді. Олай етпеген жағдайда қажетті дәрумендерді жеткілікті мөлшерде ала алмаған құстардың өсіп-жетілуі тежеліп, жұмыртқалауы да сирейді. Сол үшін оларға күнделікті және уақытылы күріш ұнтағы, көк жоңышқа сонымен бірге дала өсімдіктерінің дәні мен сүрегі және ұсақталып туралған қырыққабат пен сәбіз, ұнталған жұмыртқа қабығы, қосымша дәрумендер беріліп отырады. Каротин мен ақуыздың қайнар көзі саналатын ұйыған сүт, ірімшік, балық ұны да үй жағдайында ұстаған құстардың қажетті азығы. Егер осы талаптардың барлығы дұрыс орындалған жағдайда жұмыртқалайтын мезгілінде бір мекиен 50-80 жұмыртқаға дейін береді. Ал, туған бойдан инкубаторға жөнелтіліп, 37,5 градус жылылықта шайқалған сол жұмыртқалардан төрт аптада балапан шығады. Міне, осылай өз ырғағымен айналып келе беретін жұмыс жүйесінің күнделікті тәртібі бұзылмағанда ғана кәсіп алға жылжиды.

Ерекше кәсіпті қолға алған Дана Ермаханова, құлпырған қызылды-жасылды мамық жүндері мен ұзын құйрықтары көрген көзді қызықтырып, дәмі тіл үйіретін диеталық жеңсік асқа баланған қырғауыл еті келешекте денсаулығына ден қойған аудан халқының күнделікті дастарқан мәзірінен түспейтін тағамына айналып, мейрамханалар мен дәмханалардан да жоғары сұранысқа ие болатынына сенімді.

Қуат АДИС.
Жалағаш ауданы.

ТАЛАНТТАР ТОП ЖАРАТЫН ӨНЕР БӘЙГЕСІ

Биыл ҚР еңбек сіңірген қайраткері, композитор Кеңес Дүйсекеев 70 жасқа толды. Өнер әлемінің шыңын бағындырған жанның мерейлі мерекесіне орай аймағымызда кеше V республикалық "Туған жер" атты әншілер конкурсы басталды. Екі күнге созылатын өнер бәйгесіне қатысушылар композитордың туындысынан және еркін тақырыпта бір ән орындауы шарт. Оған еліміздің түкір-түкпірінен 24 конкурсант қатысуда. Кеше сайыс алдында қатысушыларға Кеңес Дүйсекеевтің өзі сәттілік тілеп, көкейде жүрген сауалдарына жауап берді. Өзін "жауын жауғанда саз балшыққа сырғанақ теуіп өскен қазақтың қарапайым баласымын" деген дарын иесі, байқауда тек өнерлінің бағы жанатындығын айтты.

– Конкурсқа келген жолдарыңыз ақ болсын. Бұл шара қазақ халқының талантты балаларын халыққа таныту мақсатында өткізіліп отыр. Сол дарындар келешек еліне адал қызмет жасасын деген арман бар. Сондай-ақ байқау деген бір-біріңді итеріп алға шығу емес. Мұнда тек нағыз талантымен ғана жеңіске жетуге болады. Ал жеңімпаздарға қолдан келгенше қолдау көрсетуге тырысамыз. Мәселен, былтыр бас жүлдені иеленген астаналық Ахмет Сұлтан колледжін бітіріп, Италияға екі айға оқуға жіберілмек, – деп қатысушыларды қанаттандырды.

Айта кетейік, аталған конкурс 2006 жылы Кеңес Дүйсекеевтің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында шымылдығын ашқан болатын. Содан бері облыс әкімдігінің қолдауымен екі жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Ал биылғы сайыста үш конкурсант Сыр елінің намысын қорғауда. Оның қорытындысы бүгін кешке арнайы ұйымдастырылатын гала концертте жарияланатын болады.

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

«БОЛАШАҚҚА» ҮМІТКЕР БОЛ

Сондай-ақ, ол бағдарламаға қатысуға жүрексінудің қажеті жоқтығын жеткізді. Шет тілінен IELTS бойынша бестік балл жинау жеткілікті. Одан әрі тіл жетілдіру курстары тегін ұйымдастырылады. Барлық талаптардан өтсеңіз, әлемнің 22 елі бойынша 170 оқу орнының бірінде білім жетілдіруге мүмкіндік аласыз. Ең бастысы, үміткер қалтасынан ешқандай қаржы жұмсамайды. Визалық шығын, бару-келу ақылары мемлекеттің мойнында. Шәкіртақы жөніне келсек, мәселен, Лондонда оқитындарға ай сайын 2200 АҚШ доллары беріледі. Бұл ақшаны қалай жұмсайсыз, өз еркіңізде.

– Тағылымдамадан өтем деушілердің талаптары өзгеше. Айталық, дәрігерлер шет тілін білмесе де, Оңтүстік Кореяда, Израильде, Германияда тағылымдамадан өтуіне болады. Биыл 700 стипендия бөлініп отыр. Бұл мақсатта, сондай-ақ, сыртта оқып жатқан 1 500 студент үшін 22 млрд теңге қаржы бөлініп отыр, - дейді «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Президенті Ғани Нығыметов».

«Болашақтың» биылғы басты жаңалығы – «Магистр дәрежесін алуға инженерлі-техникалық қызметкерлер» жаңа санаты енгізілген. Бұл санат бойынша өндірістік секторда кем дегенде екі жылдық қызмет тәжірибесі бар мамандар үміткер бола алады. Жалпы, қай мамандыққа болмасын, құжат тапсыру үшін кемінде екі жыл қызмет өтілі болуы міндетті.

«Болашақ» бағдарламасы шеңберінде шетелде білім алған сырбойылықтар көрсеткіші өте төмен. Бағдарлама басталғалы бері 69 жерлесіміз стипендиат атанған. Қазіргі таңда оқып жатқандарының саны – 20.

1-бет

– Стипендиаттардың 70-80 пайызы Алматы, Астана қалаларынан. Өзге аймақтардың белсенділігі өте төмен. Сондықтан, Сыр өңірі азаматтарының биылғы конкурсқа жоғары дәрежеде қатысуын сұраймыз, - деді Ғани Сақтағанұлы.

Ең бастысы – шетелде оқу мүмкіндігіне қол жеткізгендер оқуды бітірген соң елге келіп, кемінде 5 жыл қызмет етуі тиіс. Соған байланысты үміткерден кепілге жылжымайтын мүлік қою сұралады. Әрине, қойылатын мүлік құны оқу ақысымен тең болуы міндетті емес.

Конкурсқа құжат қабылдау 11 сәуірде басталып, 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Толық мағлұмат пен байланыс ақпараттарын бағдарламаның веб-сайтынан біле аласыздар.

***

Өңірлік баспасөз орталығында Сыр еліне сапармен келген ҚР Президентінің «Болашақ» стипендиясының ресми әкімшісі – «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Ғани Нығыметов БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. «Болашақ» стипендиясын тағайындау мен іріктеудің жаңа қағидаттарын түсіндірді.

Бағдарлама жүзеге асқан жылдарда 11 000-нан астам адам стипендия иегері атанған. Алғашқы онжылдықта 13 елде оқу үшін 700-ден астам стипендия тағайындалған еді. Ал 2005 жылы Мемлекет басшысы стипендия санын арттыру туралы тапсырма берді. Қазір стипендияның пайдасы мен тиімділігін арттыру үшін тіл, диплом балы және жұмыс өтілі тұрғысындағы талаптар күшейтілді. Басты міндет «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға үлес қосатын жаңа кадрларды дайындауға бағытталған. Осы жылға 700 стипендия бөлініп отыр, 1500 студент шетелдерде білім алуда.

Ғ.Нығыметов стипендияны иелену үшін қойылатын талаптар, тапсырылуы тиіс құжаттар, конкурстың 5 кезеңі туралы егжей-тегжейлі түсіндірді. Сынақтарды еңсерген үміткер стипендиат атанып, жұмыс беруші, Халықаралық бағдарлама орталығы және стипендиат арасында үш тарапты келісім рәсімделеді.

Биылдан бастап магистр дәрежесін алуға инженерлік-техникалық қызметкерлер санаты енгізілді. Бұл санат бойынша өндірісте кем дегенде 2 жыл қызмет еткен мамандар оқи алады. Еліміздің аймақтарындағы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен мұнай-газ компанияларында еңбек ететін инженер-техник мамандарға мүмкіндік ұсыну үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде Сыр елінде «Болашақтың» 69 түлегі еңбек етіп жүр. Олардың жартысынан астамы мемлекеттік органдарда қызмет етеді. Қазір «Болашақ» бағдарламасымен Ұлыбританияда, АҚШ-та, Канадада, Швейцарияда, Жапонияда, Германияда 20 сырбойылық оқып жатыр. Оның 17-сі магистратурада, 1-і бакалавриат, 1-і докторантурада оқыса, 1 адам тағылымдамадан өтуде. Оған қоса 4 стипендиат оқуларын аяқтап, есептік құжаттарын ұсынуда.

Брифинг соңында Ғ.Нығыметов журналистер сауалдарына жауап берді.

***

Аймағымызға жұмыс сапарымен келген "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ-ның президенті Ғани Нығыметов одан әрі "Болашақ" университетінің Студенттер сарайында көпшілікпен кездесті. Оған білім беру, медицина, мәдениет саласының қызметкерлері мен студенттер қатысты. Жиын барысында Президентіміздің "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленудің негізгі талаптары мен мүмкіндіктері жайында сөз қозғалды. Биыл инженерлік-техникалық мамандар даярлауға ерекше көңіл бөлініп отырғандығын айтқан Ғани Нығыметов өзге де қызықты ақпараттарымен бөлісті. Одан әрі жиналғандар көкейде жүрген сауалдарын жолдап, қажетті мағлұматтарын алды.

Колдаж Қ.Оразбаевтікі.

Нағымжан САУЯЕВ,
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

● ДІН МЕН ДІЛ

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жуырда аймақтағы танымал БАҚ редакторлары және облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығы теологтары, облыстық ішкі саясат басқармасы пул аясында бірлесе жұмыс істеуге өзара келіскен болатын-ды. Бейсенбі күні өңірлік коммуникациялар қызметінде осы мақсаттағы алғашқы отырыс болып, оған жергілікті теологтар, облыстық, аудандық газеттер мен аймақтық телеарна журналистері, "Дін мәселелерін зерттеу орталығының" мамандары қатысты.

Шараны облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары, пул төрағасы Ербол Рүстемов қысқаша сөз сөйлеп ашып, пулдың мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Оның ережесінде көрсетілген келісім аясында діни саладағы дәстүрлі емес ағымдардың іс-әрекеттерін, жағымсыз үрдістері мен діни алауыздық тудырушы факторлар бойынша алдын алу бағытында тиісті ақпараттық материалдар әзірлеу, оларды БАҚ-та жариялау, Қазақстан халқының ұлттық дәстүрі мен салтына тән гуманизмді, құқық бұзушылыққа қарсы шыдамдылықты қалыптастыру пулдың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Ол өз жұмысын қолданыстағы заңнамалар мен бекітілген ережеге сай жоспарлайды және жүргізеді.

Жиында облыстық "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" директорының орынбасары Маралбек Мұсаев пен аймақтық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Серік Әбдіқадыров БАҚ өкілдеріне бірқатар құқықтық кеңестер ұсынды. Өзге діни ағым сарынымен жазылған мақалалар жайында орталық мамандарымен кеңескеннің еш сөкеттігі жоқ. Сонымен қатар үш жылдан бері аймақта терроризмге қарсы комиссия жұмыс істеп келеді, БАҚ-тарға олармен байланысты нығайтуға болады. Сондай-ақ осы сәуір айының екінші жартысында журналистерге арнайы семинар-тренинг ұйымдастырылып, оған Алматыдан білікті мамандар шақырылады.

Журналистер кездесуге келген діни мамандардан саланың өздеріне күмәнді тұстарына – түсінік, кей сұрақтарына жауап алды.

Г. РЕЙМБЕРГЕН.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында жазушы-драматург Роллан Сейсенбаевпен кездесу кеші өтті. Кездесуді аталған оқу орнының халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы Т.Кеншінбай ағылшын және қазақ тілінде жүргізіп, қарымды қаламгердің шығармашылығы мен жеткен жетістіктеріне тоқталды.

Роллан Шәкенұлының алғашқы кітабы 1978 жылы Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрді. Содан бері өз оқырмандарына жол тартқан оның әрбір туындысына шетелдің классик ақын-жазушылары жоғары баға беріп келеді. Мәселен, Д.Гранин Роллан Сейсенбаевтың прозаларын «Терең мағыналы» деп жоғары бағаласа, Г.Бельгер оны «Қазақтың қуатты әдебиетінде бүтіндей бөлек, оқшау құбылыс» деп суреттейді. Жазушы 2000 жылы елімізде «Абай халықаралық клубын» және әлем халықтары әдебиетінің 200 томдық кітапханасын ашты. Кезіндегі «Аманат» журналын алғаш рет жарыққа шығарған да осы Роллан Шәкенұлы болатын. Жазушы-драматург әлем мәдениеті мен әдебиетіне қосқан үлесі үшін бірнеше рет марапатталды. Дүниежүзі мәдениетіне қосқан үлесі үшін Венгрия, Польша, Куба, Колумбия елдерінің бірнеше марапатына ие болды.

Кездесуде Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Жүнісов жазушы мен оның досы Ұлыбританияның ақыны Джон Фарндонға алғыс білдіріп, қонақтарды іргелі оқу орнының білім беру жүйесімен таныстырды. Сондай-ақ, аталған оқу орнының бірқатар студенттері қазақ ақындарының Р.Сейсенбаевқа жазған арнауларын мәнерлеп оқыды.

– Елге келіп, сіздерді көру арманым еді, міне, сол арманға да жетіп, бір марқайып қалдық. Бізге деген ыстық ықыластарыңызға алғысым шексіз. Мен қай жерде болмасын осы Қазақ елімен мақтанамын және жоғары бағалаймын. Еліміздің болашағы бүгінгі жастар сіздерсіздер. Осындай сенімді ақтау үшін алдымен білім керек. Сонда ғана біз талай белестерді бағындыра аламыз. Әрбір жас уақытты босқа өткізбей, ел болашағы үшін жұмыла іс жасауымыз керек. Сіздердей әдебиетке, мәдениетке, қоғамға бей-жай қарамайтын жігерлі жастар барда болашаққа сеніммен қарауға болады деп ойлаймын. Сапалы білім беріп жатқан білім ошағына да алғысым шексіз, – деді ол.

Алдағы уақытта жазушының сапары Астана және Семей өңірінде жалғасын табады. Сондай-ақ, ол осындай тағылымды кездесулер арқылы шетелдік жазушылар елімізді, жерімізді көрмесе, біздің мәдениетіміз бен әдебиетімізді толық біле бермейтінін атап өтті.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ГРАНТ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ КӘСІПТЕРІН БАСТАМАҚ

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ облыстық филиалында өткен конкурстың нәтижесінде қайтарымсыз грантқа ие болған бастауыш кәсіпкерлердің есімдері белгілі болды. Енді олар «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында өз бизнестерін өркендетпек.

Аталған қордың филиалына биылғы жылы 330 жоба түскен. Мамандар олардың ішінен 7 жобаны қаржыландыруға лайық деп тапты. Облыстың бастауыш кәсіпкерлері жасаған бизнес-жобалардың жүзеге асуына мемлекет тарапынан 300 мыңнан 3 млн теңгеге дейін қайтарымсыз грант бөлініп отыр. Бұлардың төртеуі – қармақшылық кәсіпкерлер жобалары. Аталған бизнес идеялардың қатарында ЖК «Болан» мекемесінің Ақай ауылында темірден жиналмалы қазақы үй жасау цехы, жеке кәсіпкерлер Р.Жаңабаеваның Төретам кентінде сұлулық салонын ашу, А.Өтетілеуованың осы кентте жалюзи жасау және Г.Ермекбаеваның Ақжар ауылда макарон цехын ашу жөніндегі жобалары мемлекеттік қолдауға ие болып, қайтарымсыз грантты жеңіп алды. Ал Арал ауданының тұрғыны Нұрбек Сексенбаевтың ара шаруашылығын (бал өндірісі) дамыту жобасы конкурста үздіктер қатарынан көрініп, жеке кәсіпкер өзінің инновациялық жобасын жүзеге асыруға 1 млн теңге көлемінде грант ұтып алды.

«Жаңа ашылған бизнесті қолдау» бағдарламасына қатысушы шиелілік кәсіпкердің жобасы ұлттық тағам өндірісіне қатысты. Аталған ауданның Ортақшыл ауылының тұрғыны Қалима Жұматай бүгінде тары өнімдеріне сұраныстың артып келе жатқанын айтады. Ол жеңіп алған қаражатқа жоғары сапалы ұлттық тағам түрлерін, оның ішінде сөк, талқан және жент секілді жеңсік асты жаңа үлгідегі қорапшаға салып шығаруды қолға алғалы отыр. Оның айтуынша, ауылдағы ағайын соңғы жылдары тары егумен тұрақты шұғылдануда. Енді ауылдағы кәсіпкер мемлекет қолдауы аясында тарыдан ұлттық тағамдар шығарып, оны облыс көлемінде сатуға мүмкіндік беретін шағын цех ашуды жоспарлап отыр. Ал жаңақорғандық Күләйша Әлиханова болса туған ауылында сұлулық салонын ашуды көптен армандапты. «Даму» қорының қайтарымсыз грантына ие болған бастауыш кәсіпкердің қуанышында шек жоқ. «Кәсіп игермеген соң нәсіптің де болмайтыны белгілі. «Жаңа ашылған бизнесті қолдау» бағдарламасына қатысып, ұтып алған 1,2 млн теңге қаражатқа Төменарық ауылында сұлулық салонын ашамын. Өйткені, біздің ауылда мұндай сұлулық салоны мүлде жоқ. Бұл осы салада алғашқы қызмет көрсету орны болғалы тұр», - дейді ол.

Жалпы, мемлекет қолдауына ие болған бастауыш кәсіпкерлер жобалары аясында жаңадан 14 жұмыс орны ашылатын болады. Мұның бәрі жыл өткен сайын мемлекеттік қолдау аясында өз кәсібін өркендетуге мүмкіндік алған бастауыш кәсіп иелерінің саны елді мекендерде де өсіп келе жатқанын айғақтайды.

Р.АРЫСТАНБАЙ.

● БРИФИНГ

АЛАЯҚҚА АРБАЛЫП ҚАЛМА

Қоғамның бүгінгі келбетіне қарап, қазақтың «Біреудің ала жібін аттама» дейтін тәрбиелі сөзінде қаншама қасиет жатқанын байқайсыз. Алаяқтық аяқ алып жүргізбейтіндей жағдайға жеткендей. Тіпті, бүгінгі күні алаяқтық жағдайлар жиі тіркелгенімен қоймай, мұндай теріс әрекеттердің түрлі әдіс-тәсілдері пайда болған. Халықтың әлсіз тұсынан пышақ ұратындар, «кезексіз пәтер алып беремін», «банктен үлкен сомада несие алуға көмектесемін», «жер алуға жәрдемдесемін» деген секілді уәдені үйіп-төгіп, оңай қақпанға түсіреді. Онсыз да үй алуға кезегі жетпей қажып жүрген кейбір жандар мұндай батпанқұйрықтан қалай бас тартсын?! Кейбірі еш ойланбастан, әлгі алаяқтардың қолына сұраған қаражатын ұстата салады. Олардан еш құжат та талап етпейді. Ал олардың алаяқ екендігін тек соңғы сәтте ғана ұғынып, құқық қорғау орындарынан көмек сұрап жатады. Полиция қызметкерлері қазір алаяқтық фактілерінің жиі тіркелетініне алаңдаулы.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде қала әкімінің орынбасары Айдын Қайруллаевтың қатысуымен брифинг өтті. Баспасөз отырысы барысында қалалық жергілікті полициясы қызметінің басшысы, подполковник Қуаныш Шүкіров биылғы жылдың 3 айында Қызылорда қаласы көлемінде 227 алаяқтық қылмыс тіркелгенін айтты. Оның 70 іс құжаттары сотқа жолданған.

Ал қазіргі таңда 18344 отбасы тұрғын үйге мұқтаж ретінде тіркелген. Өтініш беріп, тізімге қойылған барлық азаматтарға пәтер кезек ретімен беріледі. «Тізімге енгізілген басқалар алдында ҰОС мүгедектері мен қатысушыларын, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қоспағанда ешкімнің де басымдық құқығы болмайды», - деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі КММ-ның басшысы Ерлан Бердібаев.

Мамандар сөзіне назар аударсақ, жаңа пәтер алуды армандап жүргендер көбіне мәселенің мәнісін түпкілікті ұғына бермейді. Тіпті, олар әлеуметтік бағдарлама арқылы берілетін мүлікті тез арада иеленгісі келетін көрінеді. Сөйтіп, әлгіндей алаяқтардың қақпанына түсіп, соңында қолындағы қаражатынан да, баспанадан да қағылады. Ал алаяқтар мұндай жандардың осал тұсын жақсы біліп алған. Дегенмен, құлқынын көк қағаз тескен алаяқтар мұндай әрекеттің уақытша ғана алданыш екенін түсінуі тиіс. Ал халық арзан олжаға кенелеміз деп алаяқтың алақанына ақшаны салып беріп жатқанда бір сәт ойлануы қажет.

Сонымен қатар, қалалық жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ғалымжан Еркебай облыс орталығындағы Титов, әл-Фараби, Ақмаржан және Қорқыт ата тұрғын аудандарында орналасқан 678 заңсыз жер учаскесі анықталғанын жеткізді. Осы учаскелердің 268-не заңсыз құрылыс жұмыстары жүргізілген. Бүгінде олардың иелері нақтыланып, 53 іргетас сүрілді. Ал анықталмаған әлі 357 заңсыз құрылыс иелерін табу жұмыстары жүріп жатыр. Бұл жұмыстар жыл бойы жүретіндіктен, жері бар азаматтар құжаттарын тексеруден өткізгені абзал.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

АУДАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Мектептегі жылыжай

Кент орталығындағы № 170 мектептің пайдалануға берілгеніне көп уақыт өткен жоқ. Алайда Нұрлан Имаш басшылық жасайтын осынау білім ордасында көгалдандыруға баса мән берілетінін байқау қиын емес. Ауладағы желмен тербелген екі мыңнан астам талдар жан жадыратады. Енді осынау көркті көріниске жылыжай қосылды. Табиғаты қытымыр, солтүстік беткейдегі аудан үшін жағымды жаңалық.

Аумағы 200 шаршы метр болатын жылыжайда гүлдің петуния, кенегүл, тағы басқа да түрлері өсірілуде. Нақты кезеңде 10 мың дана гүл мұғалімдер мен оқушылардың күшімен бапталып-күтілуде. Күн жылына осынау әсем өскіндерді аулаға отырғызу ойда бар. Мұндай қадам өскелең ұрпақты табиғатты аялауға үндеп, еңбексүйгіштікке баулитыны сөзсіз.

Қажетті мамандықтар дайындайды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Болат Ахметов басшылық жасайтын Қазалы көлік техникалық колледжінің атағы көпшілікке жақсы мәлім. Іргелі білім ордасының материалдық-техникалық базасының жарақталуы жоғары деңгейде. Мұндағы пән кабинеттері, шеберханалар зертхана, жатақхана, электронды кітапхана, фитнес клуб қызметі көп көңілінен шығуда.

Колледжде 11 мамандық бойынша дәріс беріледі. 2014-2015 оқу жылынан бастап «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелері құрастыру және пайдалану» мамандарын даярлау қолға алынды. Бұл үшін жергілікті бюджеттен 10 млн теңге қаржы бөлінді. Ресейден қажетті құрал-жабдықтар, жаңа үлгідегі зертхана, оқулықтар алынды. Осылайша өңірге аса керекті мамандар даярлауға жол ашылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● МАРАПАТ

АУРУХАНА АБЫРОЙ БИІГІНДЕ

Республикалық «Бизнес-рейтинг» орталығының шешімімен Шиелі ауданының орталық ауруханасы 2015 жылдың қорытындысы бойынша бөлінген қаржыны тиімді игеру және салық төлемдерін мемлекеттік бюджетке уақытылы төлеу, статистикалық есепті жүргізудегі үлгілі жұмысы үшін республикада екінші сатыға көтеріліп, «Медицина мақтанышы» аталымымен марапатталды.

Марапаттау рәсімі Астана қаласындағы «Астана-Опера» театрында өткізілді. Оған 5 мемлекеттің – Ресей, Украина, Грузия, Әзербайжан және Қазақстан мемлекеттерінің өкілдері қатысып, Сыр өңірі аудандық ауруханасының еңбек жетістігіне сүйсініс білдірді.

– Ұжым қызметкерлерінің бір жылдық қызметінің жоғары бағаланғандығы мәртебемізді өсірді. Бұл біздің бойымызға үлкен сенімділік оятумен қатар, өз қызметімізді онан әрі жетілдіре түсу жауапкершілігін жүктейді,–дейді Шиелі аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Қазбек Шәукебаев өз әңгімесінде.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы.

ҚАРУЫҢДЫ ӨТКІЗІП, СЫЙАҚЫ АЛ



Заңсыз қару сақтап отыратындардың қашан да көңілі алаң. Қай күні ұрлығым ашылып қалады екен деген ойдың шырмауында жүреді. Ондай азаматтардың бұл тығырықтан шығуына төте жол ашылды.

Ішкі істер министрлігінің арнайы бекіткен ережесіне сәйкес, 15 сәуірден бастап республика аумағындағы тұрғындардан заңсыз сақтаудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша кезекті акция өткізілмек. Мақсаты белгілі – қылмыстардың алдын алу, кездейсоқ оқ атылуға жол бермеу.

Әрине, тұрғындар қолда бар атыс қаруларын, жарылғыш заттарын, оқ-дәрілерін су тегін өткізе салмайды. Талап-тәртібіне сай сыйақы алады. Төленетін ақы көлемі 10 АЕК пен 100 АЕК арасында болуы мүмкін. Бастысы, сіз жауапкершілікке тартылмайсыз.

Сондықтан, облыс тұрғындары заңсыз сақтаудағы қаруларын, оқ-дәрілерін, жарылғыш заттарды ішкі істер бөлімдеріне өткізіп, қарумен жасалатын қылмыстардың және төтенше оқиғалардың алдын алуда өз үлестерін қосқаны абзал.

Н.ТАСТЕМІР,

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫ – КООПЕРАЦИЯ

Қазіргі уақытта дүние жүзі жаһандық қаржылық, экономикалық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Бірақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының арқасында Қазақстан Тәуелсіздік алған уақыттан бері дербес даму жолына түсіп, әлемдік қауымдастық алдында өз орнын айқындап, дағдарыстар толқынын еңсеріп келеді. Бұл ретте Мемлекет басшысының бастамасымен республикамызда ауқымы кең ұтымды жобалар мен инновациялық бағдарламалар тиімді жүзеге асырылуда.

Қазақстан егемендігіміздің алғашқы кезеңінен бастап жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және оның қағидаларына негізделген нарықтық экономиканың жаңа үлгісін қалыптастырды. Кәсіпкерлік қызметті дамыту және мақсатты түрде ұлттық экономиканы әртараптандыруды жүзеге асыру үшін жағдай жасалды. Алайда ауыл шаруашылығы бүгінгі таңда біз ойлағандай қарқынмен дамып келе жатқан жоқ. Бұл ауылдық жерлердегі жұмыс жасайтын нарықтық субъектілердің құрылымына байланысты. Қазір елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 191,5 мыңнан астам агроқұрылымдар мен 1,6 млн үй шаруашылықтары айналысады. Агроқұрылымдардың 185,5 мыңы немесе 95,8 пайызы – шаруа қожалықтары. Бұл шаруа қожалықтарының көбінің даму қарқыны үдемелі инновацияға негізделген жұмыстар атқаруға жеткіліксіз. Сондықтан, бүгінгі күні ауыл шаруашылығындағы шағын өндірісті сақтап қалу өзекті мәселелердің бірі.

2015 жылы қазан айының соңында ауыл шаруашылығындағы шағын өндіріс мәселелерін шешуге арналған «Ауыл шаруашылығы кооперативтері» туралы Заң қабылданды. Ауыл шаруашылық кооперативтерін құрудың маңыздылығын шетелдік тәжірибелер дәлелдейді. Мысалы, АҚШ-та 1950 жылдан 2006 жылға дейінгі аралықта шағын шаруа қожалықтарының саны 3 есеге азайған, ал орта шаруа қожалық иелері 2 есеге өскен. Ауқымды мемлекеттік қолдауға қарамастан осы аралықта орташа есеппен жылына 200 мыңға жуық шағын шаруа қожалықтары жұмысын тоқтатқан. Себебі бұған дейін 70 пайызға дейінгі шығынды мемлекет қаржыландырып отырған. Американың ғалымдардың болжауынша, осы көрсеткіш одан әрі жалғасатын болса, жақын аралықта елдегі фермерлік шаруашылықтардың саны 1,2 миллионнан аспауы мүмкін. Оның ішінде, 50 мың ірі шаруа бірлестіктер (жалпы фермерлер көлемінің 5 пайызы) ауыл шаруашылығы өнімдерінің төрттен үш бөлігін өндіріп, АҚШ халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр.

Канада елінің жағдайын алып қарасақ, онда ірі шаруа қожалықтарын шоғырландырудың жалпы үлесі 70 пайыздан астам болғандықтан, ірі фермерлік қожалықтардың тәжірибесіне деген қызығушылық артуда. Ұлыбританияның аграрлық секторында мал азығын дайындайтын орындарда, тыңайтқыштар өндіретін зауыттарда және өзге де агроөндіріс кешенінде ауыл шаруашылығы техникасын бірлесе пайдалану тәжірибесі жолға қойылған. Швеция, Дания, Норвегия, Финляндияда ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа да секторлары арасындағы тұрақты байланыстарды басшылыққа ала отырып, сату және қызмет көрсету кәсіпорындары, өндеулердің кең желісі жұмыс жасайды. Мұндағы жүйе арқылы ауылшаруашылық ұжымдардың 80 пайызға дейін фермерлік өнімдерді өндіреді. Шет ел тәжірибелері негізінде шоғырландыру ауыл шаруашылығының барлық салаларында маңызды жұмыс жасайтынын дәлелдеп көрсетті. Кооперативтер құру арқылы өндірілетін өнім түрлерін арттыруға (диверсификация) жағдай туғызады.

Ғылыми-техникалық даму – өндірістің әрдайым жаңғырып тұруын қажет ететіні белгілі. Ұсақ фермерлер жаңа технологиялар мен заманауи техникаларды пайдалануға жағдайы толық жете бермейді. Осынып салдарынан ірі және ұсақ кәсіпорындар арасындағы өнім өндіру көрсеткішінің едәуір алшақтығы байқалуда. Үдеріске қатысушылардың мүмкіндігіне сай кооперацияның – «тікелей» (вертикалды) және «көлбеу» (горизонталды) саналатын екі түрі бар. Көлбеу кооперация – қызметіне қарай немесе белгілі бір өнімді өндіруге маманданған ауылшаруашылық кәсіпорындарының бірігуі арқылы жасалады. Сондықтан, олардың құқықтық мәртебесі мен экономикалық дербестігі сақталады.

Кооперативтердің тікелей үлгісі – өнім өндіруші шаруашылық субъектілердің тек қана бірігуі емес, сонымен катар, олардың өндірген өнімдерін сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және тұтынушыға жеткізу. Осыған орай, кірістің аз ғана бөлігі жалпы басқаруға беріледі. Аталған үлгі маркетингтік

қызметтің кең дамуына, республикадағы жекелеген аймақтардың сыртқы және ішкі нарығын бақылауға айтарлықтай мүмкіндік береді. Кооперативтік шаруашылықты құрудың негізгі шарты оны ұйымдастыру үшін біріктірілген кәсіпорындардың және шаруашылықтардың мүдделерін сақтау болып табылады.

Аграрлық секторды жаңғырту және алдыңғы қатардағы озат агротехникалық шараларды өндірісте тиімді қолдану үшін ірі тауарлы кәсіпорындар қажет. Қазіргі кезде Қазақстанда кооператив құрамына кірген шаруа қожалықтарының үлесі 1,5 пайыздан аспайды. Экономикалық ынтымақтастықтың және даму ұйымының мәліметтері бойынша дамыған елдерде бұл көрсеткіштер өте жоғары. Дүние жүзінде кооператив қозғалысы ауылшаруашылық өндірістің 100%-ын, тамақ өндіру өнеркәсібінің 45-50% қамтиды. Еуропа елдерінде ауылшаруашылық кооперативтер азық-түлік өнімдерінің 60 пайызына дейін өндіреді.

Ауыл шаруашылығы әлі де инвестиция тарту үшін тиімсіз сала болып тұр. Оған тартылған жалпы инвестицияның үлесі 2,3 пайыздан аспайды. Бұл жерде мемлекеттің қолдауы қажет. Салыстырмалы түрде алғанда, Еуропа мен Американың дамыған елдерін санамағанда Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін Беларусь елінің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауы 17 пайыз, Ресей 7 пайыз болса, Қазақстандағы мемлекеттік қолдаудың көрсеткіші 5 пайыздан аспай отыр. Еуропаға қарағанда, біздің елімізде өндірілетін өнімге кететін шығын 3 есе көп. Сол себепті, жаһандық дағдарыс заманында қол қусырып, қарап отыру жарамайды. Алдымыздағы стратегиялық міндет – Қазақстан шикізат өндіруші ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығында өңделген қосымша құны жоғары тауарларды экспорттаушы ел ретінде бәсекеге қабілетті мемлекет болуын қамтамасыз ету. Осы орайда Қазақ ұлттық аграрлық университеті ауыл шаруашылығы білімі және өндірісі инновацияларының ұйытқысы ретінде тың бастамаларға көшбасшы болып келеді.

Бүгінде университет әлемнің 100-ден аса ірі оқу орындарымен және ғылыми орталықтарымен тұрақты байланыс орнатқан. Бұл жұмыстар университеттің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыру аясында атқарылуда. Сонымен қатар еліміздің аграрлық саласына инновациялық технологияларды өндірісте кеңінен қолдана білетін білікті, білімді мамандар даярлау ісін жаңаша бағытқа бұрып, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге білім тарату орталықтарының моделін қалыптастырудамыз.

Қазіргі күнде жоғары оқу орнының өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алып, ұлттық зерттеу университетіне трансформациялану үрдісі аяқталуда. Мемлекет басшысының ғылым, білім және өндіріс интеграциясын дамыту міндетін орындау барысында 2015 жылы «Ұлттық аграрлық ғылым-білім орталығы» құрылды. Орталықтың құрамына 23 ғылыми-зерттеу институты, 14 тәжірибелік бекет, коммерциаландыру мен білім беру орталығы және үш аграрлық жоғары оқу орны кірді.

Агроөнеркәсіптік кешендегі өзекті мәселелер төңірегінде тәжірибелік көмек көрсету үшін Алматы, Жамбыл облыстарында пилоттық аудандар анықталды. Ғалымдар өндіріске нақты ғылыми әзірлемелерді енгізу, өңірлік ауыл шаруашылығы саласының басымды бағыттарына қажетті мамандарды дайындау және қайта дайындау бойынша тәжірибелік көмек көрсетуге дайын. Осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ұжымы келесі атқарылар іс-шараларды Қызылорда облысында қолға алып отыр.

Қызылорда облысы аграрлық-өнеркәсіптік аймақ болып табылады. Бұл аймақ Елбасымыздың алға қойған міндеттерін шешу үшін үлкен әлеуетке ие, аграрлық сектордың индустриалды-инновациялық дамуының негізінде экспорттық өнімдердің көлемін арттырып, тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын еліміздегі ең ірі облыс болып табылады. Аймақтағы ауыл шаруашылығы салаларын әртараптандыру жөнінде көп жұмыстар атқарылып жатқанын ерекше атап өту керек. Қазақстандағы күріштің 84,0 пайызы, қауынның 6,4, көкөністердің 2 пайызы, жүннің 2,3, еттің 1,8, терінің 1,7 және сүттің 1,6 пайызы облыста өндіріледі. Аймақта ауыл шаруашылығының шағын өндірістері басым. Мұнда 0,2 мыңнан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, 2,7 мыңнан астам фермерлік шаруашылық және 76,0 мыңнан астам үй шаруашылықтары бар. Аграрлық құрылымдардың 92 пайызы фермерлік шаруашылықтар болып табылады.

Қызылорда облысы ауыл шаруашылығының дамуына өзінің маңызды ұсыныстарымен шығып отырған Қазақ ұлттық аграрлық университеті 85-жылдық даму тарихы бар еліміздегі іргелі оқу орны болып табылады. Университетке 2001 жылы Елбасы Жарлығымен Ұлттық мәртебе беріліп, 2010 жылы инновациялық-бағдарланған жоғары оқу орны мәртебесіне ие болды. Бүгінгі уақытта Қызылорда облысы мен университет көптеген жылдар бойы аграрлық білім мен ғылымды дамытуда сәтті әріптестік жүргізіп келеді. Ықпалдасу бағыттары бойынша қазіргі кезде біздің ғалымдарымыз ауыл кәсіпкерлеріне ауыл шаруашылығының барлық бағыттар бойынша кеңес беру қызметтерін ұсынуда. Атап айтқанда, дақылдардың сорттары, оларды өңдеу, егіс айналымы туралы, өсімдік және мал аурулары, зиянкестертермен күрес, ресурс үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселелері, жылыжайларды тиімді пайдалану, жем дайындау және оны ұтымды пайдалану, кооперативтік негізде үй қажеттіліктері үшін жем-шөп өндірісін дамыту, ветеринарлық қызметтер, мал тұқымы мен оларды жасанды ұрықтандыру жұмыстарын ұйымдастыру; жайылымдарды дұрыс пайдалану мен тамшылатып суару; маркетингтік қызметтер ұсына алады.

Аталған бағыттағы ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында университетіміз өңірдегі көшбасшы жоғары оқу орындары – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Арал өңірі агроэкологиясы мен ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Түгіскен тәжірибелік шаруашылығы мен аграрлық колледж мамандарымен бірлесе отырып облыстың агроөндірістік кешенінде кооперацияны дамыту бойынша, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, балық шаруашылығы және де өзге де салаларда қордаланып қалған мәселелерді шешуге ықпал етпек. Қазіргі күнде тауар өндірушілер аграрлық салада ауылшаруашылық кооперативтерін ұйымдастыру жедел дамып, ел экономикасында басқа да тиімді қызмет етіп отырған ауылшаруашылық құрылымдармен қатар, өзіндік орын табуы керектігін түсінді. Ғалымдар мен тауар өндірушілердің ауыл шаруашылығында ірі тауарлы кәсіпорындарды құру бойынша біріккен жұмысы әлемдік нарықта агроөндірістік кешен өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА вице-президенті, академик.

● ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

РУХТЫ ЖАС ЖАСҚАНБАЙДЫ

Мәңгілік ел болып қалу, қалыптасу, мемлекеттік тұрғыдан да халықтық тұрғыдан да, өте жауапты іс. Сол жауапкершілікке қалай қараймыз? Кейінгі ұрпаққа материалдық құндылықтан басқа қазақ болмысына, мінезіне сай келетін қандай құндылықтарды қалдырамыз? Осы сұрақтарға жауап беріп көрсек.

Білімді, ғылымды, мәдениетті кәрі құрлық елдерінен үйренуге болар. Бірақ олардың қазақ ұлтының салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұстанымына, тәрбиесіне, болмысына келе беретін тұстары аз. Біз ең алдымен осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ қанша тілді білсе де, өз болмысын сақтауы тиіс. Ұлттық мінезге, дәстүрге сай келмейтін еліктеушіліктен арылған дұрыс. Ол үшін не істеу керек? Мәңгілік елде өмір сүретін ұрпақтар тәрбиесіне нені енгіземіз? Оған осы кезден бастап күнделікті аса жауапкершілікпен мән беріп қарауымыз керек. Қазір мұны жасамасақ, кейінгі ұрпақ алдында кінәлі боламыз. Отыз елдің қатарына енудің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, ресурстық, т.б. өлшемдері бар. Осылармен қатар, қазақтың әлемдік бренд қатарына енетін рухани, тілдік (тілдік қор бойынша әлемде 4-орында) ұлттық тәлімін өшіріп алмай ұрпақтан-ұрпаққа қаз-қалпында жеткізіп отыру бізге міндет.

Қазіргі жастар Отанын, өзін өзгені қорғау үшін олардың ойы озық, ақылы мол, денесі мығым болуға тиіс. Осы деңгейден көріне аламын ба? – деген сұрақ әрбір ұрпақтың ой-санасында жүрсе ғой. Ата-анаға арқа сүйеу, ақыл сұрау орынды, бірақ әркім барлық уақытта өзін-өзі жетілдіріп, осал тұстарын дамытып отырғаны дұрыс. Бұл өмірде кездесетін әртүрлі қиыншылықтарды жеңуге әр кез дайын жүр деген сөз. Үнемі ата-ана, туыс-бауырдың қасында жүре бермейсің. Жас кезден бастап, ойыңды да, бойыңды да, қабілет қарымыңды да шыңдай берсең ұтылмайсың. Ғылым да, білім де, тәрбие де барлығы кітапта оқымағанның ойы, шыныққанның бойы тоқырайды Ғылым да, білім де, тәрбие де кітаптардан көрініс табады. Бұл сенің дүние танымыңды, жақсылыққа құлшынуыңды, мінез-құлқыңды қалыптастырып, рухани байытар еді. Рухы жоғары адам ешнәрседен тайсақтамайды, тайсалмайды, жасқаншақ, жалтақ болмайды. Мәңгілік елдікте, елде өмір сүретін осындай сипаттағы ұрпақтарды осы кезден тәрбиелеуіміз керек. Ондай мүмкіндік елімізде бар. Тек тетіктерін таба білейік.

Қазіргі жастарға болашақ ата-ана деп қарасақ, олардың да өзінен кейінгілерге айтары болуы тиіс. Әрбір ата-ана, ұстаз, тәлімгер, жиған-терген өсиет, өнегесін, нақылын, ақылын жастарға жеткізіп отыру үшін өздерін де сол деңгейде дайындай білгені дұрыс. Әйтпесе бәрі бос сөз болып қалады. Өзінің ақылы аз, пайым-парасаты, ішкі-сыртқы мәдениеті төмен, рухани тоқырап қалған ата-ана кімге ақыл айтып, өнеге көрсеткендей. “Балам мені тыңдамайды” – деген сұрақтың жауабын осы тұстан іздеген дұрыс болар. Ақылы төмен, өнегесі жоқ ата-ананы кім тыңдасын? «Жаман оқушы болмайды, жаман ұстаз болады» деген қағида бар. Жастарға жас кезінде берілмеген тәрбие кейін кеш болады.

Қыз мінезімен, ақылымен көрікті, сұлу. Ал ер балалардың ақылы, күші мол болып жүректі болса онда ол ешкімді жерге қаратпайды. Жар таңдауда жеңіл мінезді ұшқалақтылыққа салынбаған жөн. Арты оның опық жегізеді. Отбасын құрарда көрсеқызарлыққа, дүниеқоңыздылыққа жол бермей, екі жақ та өз кемшіліктерін әбден түзеп, жөндеп барып келіскені дұрыс. Әйтпесе бір сәттік қатеңді өмір бойы түзей алмай кетесің. Өкінішті, әрине. Мұның бәрін жастарға қатысты болған соң айтып отырмын. Бұл әрі үлкен буын өкілдерінің міндетіне де жатады. Біреудің қателігін көріп тұрып, айтпау да күнә. Мен жас өрендерді, мәңгілік ел ұрпақтарын мына ұстанымдарға үндер едім. Бұл айтылғандардың бәрі болашақ мәңгілік елде өмір сүретін ұрпақтарға айтылған өсиеттердің, ақылкеңестердің, бағыт-бағдардың алғы шарттардың бірқатары ғана десе де болары:

- Білімің, ғылымың жан-жақты болсын, сонда ешнәрсеге таңғалмайсың. Өзіңе сенімді боласын. Ол үшін көп оқы, көп тоқы, көп білуге тырыс, үнемі алға ұмтыл.

- Ұлтыңның болмысына, ұлттық құндылықтарына мәдениетіне, тарихына, өнеріне, тіліне, салт-дәстүріне қаныққ бол, сонда кейінгі ұрпаққа сенің де айтарың болады.

- Сенің ішкі-сыртқы мәдениетіңнің көрінісі пайым-парасатыңның өлшемі болып табылады. Ол үшін ақылыңды толықтыр, дамыт. Ақылды адам өмірден орнын тез табады.

- Өмірде кездесетін қиыншылықты жеңе біл – бұл сенің еңбекқорлығыңның, ақылдылығыңның өлшемі. Ол үшін қайсарлық, өршіл талапты өжеттілік керек. Еңбек сені арманыңа тез қол жеткізеді.

- Өсек-аяң, біреуге ғайбат сөз айтудан аулақ жүр. Ол өзіңді де өзгені де улайды, у себеді, ауырасың. Ойың да, бойың да таза болсын, ондай жаман мінезді адамды Алла да қолдамайды, қаламайды.

- Әрқашан шындыққа, әділдікке жүгін, сонда сені Алла Тағала да қолдайды. Арың таза болады. Жағымпаз, көңілжықпас болма. Көп адамға осылар кесірін тигізіп жатады.

- Әрқашан ойыңмен де, ісіңмен де алда болуға тырыс, еңбектенсең сен алмайтын қамал жоқ. Орта деңгейде көп адам жүре алады. Біреуден кем төмен тұрғаның сені ойландыру керек. Намысшыл бол. Тек намысты адам ғана ұлт қорғанысы бола алады.

- Сенің жақсы мінезіннің деңгейі ата-ананды, үлкенді сыйлаудан көрініс табады. Менмен, өркөкірек болма. Жиіркеніші, өрескел қатыгездігің, тұрпайылығың айналаңа, ата-анаңа қасірет-қайғы әкеледі. Орны толмас өкінішке айналады, жетелейді.

- Жақсы, ақылды, білімді, мәдениетті адамдармен дос, әріптес бол. Соларға елікте. Арзанқол, мағынасыз, мәнсіз тірліктерге бой ұрма, уақытыңды босқа кетірме, тиімді пайдалан.

Бұл айтылғандар ұран емес. Мәңгілік ел ұрпақтарының ойында да, бойында да, санасында да болуға тиіс, қазақи, адами болмысты қалыптастырып, дамытуға бағытталған қағидалар деген жөн болар.

Жақсыбек ЕГІЗБАЙҰЛЫ,
“Ұлт тағдыры” ҚБ төрағасы,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры.

● ОБЛЫСТЫҚ ӨНЕР БАЙҚАУЫ

ЖҮЗІНЕН АРАЙ ТӨГІЛГЕН

Аптаның сәтті күні А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде аймақтағы мүмкіндігі шектеулі балалар шығармашылығының республикалық “ВІ Жұлдызай” фестивалі қарсаңында облыстық іріктеу кезеңі өткізілді. Биыл он бірінші рет өткізілгелі отырған фестивальге қатысушылар хореография, вокал-ән орындау, аспапта ойнау, әнді ым-ишаратпен орындау және көркем-қолданбалы өнер, бейнелеу өнері бойынша өзара сайысқа түсті. Осы уақытқа дейінгі аймақтық сайыстарға 10-18 жас аралығындағы 220 бала қатысып, олардың 107-сі облыстық іріктеу кезеңіне жолдама алған болатын.

Мәдениет үйінің кіреберісіне орналасқан мүмкіндігі шектеулі балалар қолынан шыққан қолөнер бұйымдары келушілерді бейжай қалдыра алмады. Онда балалар қамыстан, бисер моншақтан, мата қиындыларынан, жіптен, түймеден, қалдық заттардан, қағаздан, тоқыма жіптен сан түрлі заттар, бейнелер жасап шыққан. Сонымен қатар мүсіндік бейнелеу, кестелеу, кескіндеме, ағаш бетіне ою-өрнек салу арқылы өзіндік ой білдіретін дүниелер де баршылық. Балалардың өз өнерлерін жетілдіру барысында ізденетіндері олар кеңінен қолданған, өркениет елдерінен жеткен акварель мен пайеткадан, “Крейзи” мен “Пицца”, “Ио-Ио” техникасынан аңғарылады. Ұлттық нақышқа бай құрақтар мен киіз қиындысы, ұлттық киімдер, ер-тұрмандар мен ағаштан ойып жасалған ыдыс-аяқтар, музыкалық аспаптар, тұрмысқа қажетті өзге де заттар балалардың қайталанбас өнерін паш етіп тұрғандай.

Облыстық іріктеу сайысын “ВІ Жұлдызай” корпоративтік қорының төрайымы Гүлхан Исабаева мен облыстық білім басқармасының бас маманы Шолпан Жүнісова қысқаша сөз сөйлеп ашып, фестивальдың мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Оның негізгі мақсаты мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін және шығармашылық мүмкіндігін арттыру, әр баланың өзіндік бейнесін қалыптастыру, әрбіріне қолдау көрсету болып табылады. Сайыс демеушілері “Цесна банк”, “Торғай-Петролеум”, Халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы мен қалалық мәдениет үйі болып отыр. Олар бұл сайыстың жүзінен арай төгілген өнерлі, дарынды балдырғандарға рухани күш, өмірлік белсенділік сыйлайтынына сенімді.

Бұл іріктеу кезеңінің жеңімпаздары 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай Астана қаласында өткізілетін республикалық XI “ВІ Жұлдызай” фестиваліне корпоративтік қордың шешімі бойынша қатысатын болады. Талайлардың көңіліне қуаныш ұялатқан аймақтық іріктеу сайысы табысты өтті деуге әбден болады. Сайысқа қатысқандардың барлығы дерлік арнайы дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жұмағүл ОРАЛБАЕВА.

БАҚБЕРГЕН ДОСМАМБЕТОВ ОМАРТАШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Кеше облыстағы БҰҰ Даму бағдарламасы мен Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының, облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен кәсіпкерлер палатасының алаңында омарташылар бас қосты. Облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов қатысқан жиында экономика ғылымдарының докторы Бақберген Досмамбетов облыстық омарташылар қауымдастығының төрағасы болып сайланды.

Аймақта бал ара шаруашылығымен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың басын қосқан «Қызылорда облысының экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында бал ара шаруашылығын дамыту» атты семинарға «Бал-Ара» омарташылар қауымдастығының вице-президенті Ғабит Нұрәділ, Шығыс Қазақстан облысындағы БҰҰ бірлескен бағдарламасының грант иегері, омарташы Нұрлан Сағындықов және аймақтың омарташы-кәсіпкерлері қатысты.

Семинардың басты мақсаты – облыс омарташыларының қызметтерін Қазақстанның «Бал-Ара» омарташылар ұлттық одағымен бірлесе жүргізіп, заманауи технологияларды енгізу. Отандық және шетелдік ғылыми мекемелермен, салалық ауылшаруашылық органдарымен өзара қарым-қатынасты қалыптастыру. Басқосуда қатысушылар қызылордалық омарташы-кәсіпкерлерге шығысқазақстандық әріптестері, БҰҰ бірлескен бағдарламасының грант иегері омарташы – Нұрлан Сағындықов бал ара шаруашылығында жеткен жетістіктерімен және жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық- маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр.

Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы бойынша «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде күріш –165, жұмыртқа – 23, нан – 40, картоп – 45, сәбіз – 65, қырыққабат – 60, бпияз – 65, қант – 200, өсімдік майы – 365, 1 сұрыпты ұн 70 теңгеден сатылуда. «Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп – 55-60, пияз – 45-50, сәбіз – 80, қырыққабат – 110, қызылша 80 теңгеден сатылуда.

Арал. Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Саян ата», «Қуантқан» дүкендерінде күріш – 180-200, картоп – 45-50, пияз – 55-60, сәбіз – 75-80, қызылша – 100, қант –210, қарақұмық – 230, өсімдік майы – 350-360, 1 сұрыпты бидай ұны – 60, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп – 55-60, пияз – 55-60, сәбіз – 85-100, жұмыртқа 22-23 теңгеден сатылуда.

Қазалы. «Әлеуметтік сауда дүкені» картоп – 60, пияз – 60, қырыққабат – 90, сәбіз – 80, қызылша – 90, сиыр еті – 1000, түйе еті – 900, қой еті – 1000, қарақұмық жармасы – 200, қант 200 теңгеден сатылуда.

Қармақшы. «Сұлтан» сауда орталығы, «Орда» көтерме сауда орталығы және «Жандос» дүкендерінде картоп – 70, сәбіз – 90, жуа – 65, қырыққабат – 80, жұмыртқа – 22, 1 сұрынты ұн – 57, нан – 45 , тауық еті – 500, қант – 220, өсімдік майы 360 теңгеден сатылуда.

Жалағаш. «Бәйтерек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 310, картоп – 65- 70, сәбіз – 90, басты пияз – 60, қырыққабат – 80, жұмыртқа – 22, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінен I сұрыпты бидай ұнын – 60-95, нан – 47, жұмыртқа – 22, өсімдік майы – 310, пияз – 60, сәбіз –90, картоп – 65, қырыққабат – 80, тауық етін 500 теңгеден алуға болады.

Сырдария. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан – 45, өсімдік майы – 330-380, қант – 200-220, картоп – 60-90, сәбіз – 85-90, пияз – 55-75, қырыққабат – 75-90, тауық еті – 480-550, жұмыртқа – 24, «Бақытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 22-25, өсімдік майы – 350, қант – 200-220, қырыққабат 90 теңгеден сатылуда. «Коммуналдық» базарында 1 сұрыпты бидай ұны – 57, нан – 45 теңге, өсімдік майы – 380, қырыққабат – 90, қант – 220, жұмыртқа – 24, тауық еті 550 теңге.

Шиелі. «Ә.Шорабаев» базарында картоп – 60, пияз – 50, сәбіз – 70, қырыққабат – 80, өсімдік майы – 350, қант – 210, жұмыртқаның 10 данасын – 230, тауық еті – 500, ет – 1000 тұз – 35 теңгеден. Сонымен қатар, I сортты бидай ұны 60-88 теңгеден сатылып жатыр.

Жаңақорған. «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария» және «Нұрасыл» дүкендерінде 1 сұрыпты ұн – 64-84, нан – 40-55, өсімдік майы – 350-380, картоп – 50-55, пияз – 40-50, қырыққабат – 85, сәбіз – 55-60, тауық еті – 385-550, жұмыртқа 10 данасы – 200-210 теңге болса, «Нұр» базарында ет бағасы – 1000-1100, жұмыртқа 10 данасы – 210, жуа – 50, сәбіз – 65, картоп – 55, қырыққабат 80 теңгеден сатылуда.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР БАЙҚАУЫ

Жаңақорған ауданында «ВІ Жұлдызай» республикалық балалар шығармашылығына орай мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушылары арасында ән, би және қолөнерден байқау өтті. Шараға «Нұр Отан» партиясы Жаңақорған аудандық филиалы мен Жастар ресурстық орталығы демеушілік жасады. Байқауға белсене қатысқан үміткерлер өз өнерлерін ортаға салып, көреремендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қорытындысында «Әке мен ана» әнін жақсы орындаған №55 мектептің оқушысы Нәзігүл Өмірзақ, қолөнерден ісмерлігімен көзге түскен № 56 мектептің оқушысы Әубәкір Әріпжанов пен № 247 мектептің оқушысы Бекжан Әлимахамадұлы жүлделі орындардан көрініп, облыстық байқауға жолдама алды. Байқау соңында барлық оқушыларға облыстық білім басқармасының маманы Г.Ақмырзаева мен аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің меңгерушісі Ш.Тұрсынбаева жарысқа белсене қатысқаны үшін алғыс білдіріп, дипломдар мен естелік сыйлықтар тапсырды.

Жалпы ауданда мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларына үлкен қамқорлық көрсетіліп келеді. Олардың арасында түрлі тақырыпта мәдени шаралар өткізу де дәстүрге айналған.

Аида АЙНАҚОЖАЕВА,
№125 С.Сапарбеков атындағы орта мектептің психологы.

Мен бұл мақаламда көрнекті ғалым, философия ғылымы саласындағы зерттеушілердің бірі, әкем – Сейсенов Бақытбек Сейсенұлының тағдыры мен тағылымы туралы, өзімнің көргенімді, білгенімді, сезгенімді жастарға өнеге болады деп, қысқаша баяндау мақсатында қолыма қалам алып отырмын. Егер тірі болғанда, саналы өмірінің қырық жылдан астам уақытын жоғары мектепте ұстаздық, кафедра меңгерушісі, декан, ректор қызметтерін абыроймен атқарған, Халық ағарту ісінің үздігі, философия ғылымдарының докторы, профессор Сейсенов Бақытбек Сейсенұлы 23 наурызда 75 жасқа келер еді.

ЕҢБЕК ПЕН ҒЫЛЫМНАН БАҚЫТ ТАПҚАН АЗАМАТ

Бақытбек Сейсенұлы – большевиктік күғын-сүргін жылдарында қиянат көрген әулеттің перзенті. «Халық жауының ұрпағы» деген жазықсыз жала мен тағдыр тәлкегін басынан кешкен, әкесіз өмірдің барлық қиыншылығын көріп өскен жас бала мектеп қабырғасыннан-ақ карым-қабілетімен көзге түседі. Оның тек бір ғана мақсаты қатарынан қалмау, білімге талпынып, іздену болды.

Ол орта мектепті бітіргенен кейін Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық университетінің физика-математика факультетіне түседі. Оқуын жақсы тәмамдаған ол Жамбыл, Қызылорда облыстарының мектептерінде физика пәнінен мұғалім болды. Алайда білімге деген құштарлық алғыр жасты қайтадан жоғары оқу орнына алып келеді.

Осылай 1968 жылдан бастап Бақытбек Сейсенұлының жоғары оқу орындарындағы ұстаздық және ғылыми ұзақ өмірі басталады.

Білімге деген ұмтылыс оны алыстағы Украинаның Киев қаласындағы Т.Г.Шевченко атындағы университетіне алып келеді. Ондағы мақсат – аспирантурада оқып, кандидаттық диссертация қорғау. Әкем өзінің ғылыми жетекшісі болған осы университеттің профессоры, КСРО және шетелдерде белгілі ғалым, техника ғылымдарының докторы А.Л.Наумовты әр кезде жылы лебізбен еске түсіретін. А.Л.Наумов тек қана физика саласының білікті маманы болған жоқ, сонымен қатар, жан-жақты білімді, мәдениетті өте жоғары деңгейдегі тұлға болатын. Ол музыка теориясымен де айналысты, өнертану ғылымы бойынша да кандидаттық диссертация қорғаған. Сонымен бірге ол салауатты өмір салтын насихаттауға да зор көңіл бөлген. Барлық уақытта жаау жүріп, суық суға шомылуды дағдыға айналдырған. Осындай керемет ғалымның шәкірттерінің бірі ретінде Бақытбек Сейсенұлы да оның ғылыми мектебінен өтеді.

Ұстазы А.Л.Наумовтың жетекшілігімен 1973 жылы Бақытбек Сейсенұлы "Кейбір сызықты емес элетромеханикалық жүйелердің жұмысына гестерезистің әсерін зерттеу" тақырыбында кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап шығады.

Бақытбек Сейсенұлы тек техника саласындағы ғылыми жұмыстарымен ғана шектелмей, өзінің ғылыми өрісін одан әрі кеңейтіп, қазіргі ғылым мен техниканы математикаландырудың әдіснамалық мәселелерін жан-жақты талдау мақсатында философиялық зерттеу жұмыстарына назар аударады. Осы мақсатын жүзеге асыру үшін ол Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының философия және құқық институтының докторантурасына оқуға түсіп, «Ғылым және техника, философия» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғап, философия ғылымдарының докторы дәрежесін алады.

Бақытбек Сейсенұлы 1995-1997 жылдар аралығында Қазақ құқық және халықаралық қатынастар институтының Қызылорда филиалының директоры, ал 1997-2006 жылдары еліміздің білім беру саласындағы өзгерістерді сезініп, облыста тұңғыш жеке оқу орны Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетін ашып, он жылдан аса ректорлық қызмет атқарды. Онда білім мен біліктіліктігі, іскерлігі заманауи талаптарға сай келетін озық оқу-педогогикалық үдерісті ұйымдастыру қағидаларын, әдістері мен үлгілерін енгізді. Әсіресе, Қазақстанда экономиканы қайта құру кезеңінде экономика, экология және құқық мамандықтары бойынша кадр даярлау бағытында еңбек етті.

Ол өзі басқарып отырған университет ұжымының еңбек жолында жетістіктерге жетуіне ғана басшылық жасаған жоқ, олардың жеке басындағы жай-күйді жақсы аңғарып, көңіл бөле білді. Қызметкерлерінің әрқайсысының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмектесіп, ғылым дәрежесін көтеруге кеңінен қол ұшын бергенін бүгінде оның әріптестері мен шәкірттері үлкен ризашылықпен еске алады.

Бақытбек Сейсенұлы бір тума педагог жан еді. Өзінің басшылық ұстанымында ол студенттер мәселесін бірінші орынға қойып, олармен өз баласындай емен-жарқын әңгімелесіп, хал-жағдайларын біліп, мұқтаждарын ескеретін. Өз қарамағындағы студенттер арасындағы жетім балаларды тегін оқытып, көпбалалы жанұядан шыққандарына оқу ақысына жеңілдіктер жасап, көмектесіп жүретін.

Әкесі Сейсен майданға кеткенде әкеміз жарық дүние есігін ашпай ана құрсағында қалған екен. Есімін бақытты күндерге тез жетейік деп ырымдап қойыпты. Соңғы хатында бала Бақытбектің кішкентай алақанының суреті басылған хатты алғанына қуанып, жауап жазғаннан майдангер әкесінің кейінгі тағдыры белгісіз болды. Осылай әкесі «пропавший без вести» деген әскерлердің қатарына қосылды.

Бақытбек Сейсенұлы өз тағдырластары сияқты әкесін іздеуден жалықпады, ақыры арада алпыс жеті жыл өткенде әке зиратын сонау Беларусь жерінен табады. Әкесі Сейсен Тұрмаханұлы Украинаны азат етуге, Днепр өзенін алуға қатысқан. Беларусь жеріндегі Гомель қаласының маңында Лоев ауданына қарасты Деражичи, Новая Лутава селоларын жаудан босату операциясында 1943 жылдың 20 қазанында ерлікпен қаза тапқан екен.

Алпыс жеті жылдан бері әкесі туралы хабар біле алмай, сағыныштан сарғайған әкем үшін бұдан асқан бақыт болмады. Атамыз Сейсеннің жат жердегі белгісінің басына туған жерінің бір уыс топырағын апарып, ал мәңгілік мекенінің бір уыс топырағын кіндік қаны тамған ауылына әкеліп қойды, ас беріліп, дұға бағыштады, міне, осылай әкеміз ата-баба алдындағы парызын орындады.

Әкемнің балалық кезінен есінде қалған, ойына оралатын жағдай – Егізек әжесінің жүрек жылуы мен мейрімі. Алтын басты әжеміздің жүрек жылуы жалғыз бізге емес, төңірегілердің бәріне жететін дейтін. Бұлай деуінің астарында өзіндік сыр бар. Соғыс жылдары Қызылорда жеріне еріксіз қоныс аударылып келген басқа ұлт өкілдері көп болды. Әркім шамасына қарай тырбанып, өз күнін өзі көрген таршылық уақытта, әжеміз қараусыз қалған жетім төрт жасар шешен баласы Сараны, Николай есімді орыс жігітін және түрік жігіті Сейфулланы асырап, ел қатарына қосқан. Соншалықты таршылық кезеңде өзінің екі жетімегін қайтқенде ержеткізем деп тыным көрмей, шыбын жаны шырылдап жүргенде, тағы үш бірдей панасызды бауырына басып, асырап бағуға шыдаған бұл қандай жүрек деп әкем асыл әжесін есіне алып, қатты тебірінетін... Бұл да біз үшін үлкен өнеге.

Бақытбек Сейсенұлының шығармашылығының шыңдалуы – әлемдік философияның жетістіктерін ғылым логикасының проблемаларымен терең байланыста қарастырып, физика, техника, математиканың философиялық проблемаларын батыл да шынайы зерттеді. Жаңа технологияға барынша мән беріп жатқан қазіргі жаһандану заманында бұл әдіснаманың маңызы өте зор. Осы ғылыми зерттеулер негізінде әкемнің жүзден аса ғылыми мақалалары, тоқсан бес әдістемелік еңбегі, оның ішінде бес іргелі монографиясы жарық көрді.

Ұзақ жылдар бойы барлық күш-қайратын, ерік-жігерін, білімін өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру жүйесін дамытуға, ғылымға арнаған профессор Б. Сейсеновтың еңбегі жоғары бағаланып, Халық ағарту ісінің үздігі атағы беріліп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің грамотасымен, Қызылорда облыс әкімі мен мәслихатының грамоталары және төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен» марапатталады, «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Бақытбек Сейсенұлының еңбектегі, ғылым жолындағы жетістіктері өмірлік жары марқұм анам Күмісайдың арқасы десек артық болмас. Өмірде ақ босағасының береке-бірлігін сақтап, отбасының шаңырақ күмбезін көкке көтерген, аналық пен адалдықты аялап, азаматының қадір-қасиетін бағалап, абырой-атағын дәріптей білген, балаларына мейірімді ана, құрбы-құрдастарына ақжарқын дос, әкеме асыл жар болған анам Күмісай. Әкем мен анам Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутында бірге оқып, соңғы курсында шаңырақ көтерген. Анам алдымен адал жар, аяулы ана, сонан соң ұлағатты ұстаз болған,отыз жылдан астам білім беру саласында қызмет етіп, көптеген шәкірттер тәрбиелеген. Бірақ анамыз өз өмірінде әкеміздің танымал азамат, ғибратты ғалым болуы үшін бәрін жасады, бар уақытын төрт баласын тәрбиелеуге арнады.

Шүкір, әке-шешеміз бәрімізді мәпелеп өсіріп, жоғары білімді азаматтар қатарына қосты. Үлкен ағам Дәулет – техника ғылымының кандидаты, Нұрлан бауырым – қәсіпкер, сіңілім Әлия – саясаттану ғылымдарының кандидаты. Әрқайсысы өмірде өз орнын тауып, жемісті еңбек етуде.

Ал өзім әкемнің жолын қуып, ғылым мен ұстаздықты ұштастырып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының доценті болып қызмет етемін. Ұстаздық қызметті ғылыммен ұштастыру қиынның қиыны екенін, әкемнің сол қиындықтарға қарамастан, физика, техника, математика және философия проблемаларын ерінбей-жалықпай зерттеуін, ауылдан шығып, ұстаздықтан ғылымның шыңына қарай қайыспай өрлеуі оған оңай болмағанын қазір түсінудемін.

Әкемнің шәкірттерінің бірі профессор Бақыт Калиевтің өз естелігінде: «Біздің ұстазымыз Бақытбек Сейсенұлы – ұстаздардың ұстазы, оның студенттерге дәріс беру үлгісі, студенттер алдында өзін ұстауы, лекция оқу дикциясы, сабақ барысында проблемалық мәселелерді көтеруі және студенттерді оқуға қызықтыруының өзі бір өнеге. Ұстазымыздың лекциясын асыға күтетінбіз, сондай дәрежеде ұстаз болуды армандайтынбыз. Содан ба екен, көптеген шәкірттері оның жолын қуып, өмірлерін білім және ғылым саласына арнады. Мен де Бәкеңнің сондай шәкірттерінің бірімін», – деп жазыпты.

Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Тіпті, кейбір шәкірттері өз ұстазының жолын қуып, Украинада ол айналысқан ғылым саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Әрине, шәкірттеріне үлгі болатын ең басты қасиеттері оның еңбекқорлығы, мәдениеттілігі, рухани байлығы еді.

Бақытбек Сейсенұлы еліміздің ғылыми кадрларын даярлауға да көп үлес қосты. Ұзақ жылдар бойы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және философия мамандығы бойынша докторлық диссертациялық кеңесінің мүшесі болып, көптеген шәкірттер дайындады.

Бақытбек Сейсенұлы өзінің өмірінің соңғы жылдарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік уиверситетінің философия және мәдениеттану кафедрасының профессоры, сонымен қатар Қызылорда облыстық білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, қайта даярлау институтының қоғамдық пәндер кафедрасының профессоры қызметін қосымша атқарып, еңбек етті. Қызылорда Қызмет колледжінің ашылуына атсалысып, облыстағы кәсіптік орта білім беру жүйесін дамытуға зор үлесін қосты.

Әкем өмірден озғанша жұмысынан қол үзген жоқ, соңғы күндеріне дейін лекция оқып, студенттер мен магистранттардан емтихан алып, диссертация мен дипломын қорғатты. Ғұмырдарияны білім мен ғылымға, парасаттылық пен ізеттілікке бағытталған жан еді. Әкемді жақсы білетіндердің барлығы да оның бойынан тараған шуаққа жылынды деп ойлаймын.

Найля СЕЙСЕН,
саясаттану ғылымының кандидаты,
Қазақ Ұлттық педагогикалық
университетінің доценті.
Алматы қаласы.

● БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ТҮСІНДІРУГЕ АРНАЛДЫ

Облыстық медицина орталығында С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті мамандарының қатысуымен «Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне көшу жағдайындағы медициналық ұйымдардың жұмыстарын басқару мен ұйымдастырудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы үш күндік семинар өтті.

Семинарға облыстағы барлық медицина ұйымдарының басшылары мен бас дәрігердің ішкі аудит, экономика жөніндегі орынбасарлары, жалпы сала мамандары қатысуда.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова Елбасының ұлт жоспарында нақтыланғандай, жаңа жүйе медицина қызметкерлері мен тұрғындардың өз денсаулықтарына деген жауапкершілігін арттыруда бірлесе қарымқатынаста болуына ықпал етсе, екіншіден, саланы қаржыландыруға әсер ететінін айтып өтті.

– Елімізде «100 нақты қадамды» жүзеге асыруға байланысты денсаулық сақтау саласында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның ішінде 80 қадам міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу болып табылады. Бұл еліміздің медицина саласын дамытуға, медициналық қызметтің сапасын арттыруға, тұрғындардың денсаулығын нығайтуға, адамдардың құқығын қорғау деңгейін көтеруге арналған. Бұл орайда жаңа заң қабылданып, «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Министрлік тарапынан Жол картасы қабылданды. Биылдан бастап республика көлемінде дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тұрғындарға жаңа жүйенің маңызы түсіндіріліп, ақпараттық-насихаттық жұмыстары басталып кетті. Жүйенің негізгі мақсаты, міндеті турасында медицина қызметкерлері арасында түсіндіру шаралары қолға алынды. Біздің бүгінгі семинарымыздың басты мақсаты да осы, яғни, медициналық қызметкерлерге жаңа жүйені бүге-шүгесіне дейін түсіндіру. Сондықтан біздің Қазақ Ұлттық медицина университетінің мамандары облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшыларының шақыруымен осында үш күндік семинар өткізуге келіп отырмыз.

Жалпы, біздің еліміз бұл жүйеге көшуге аяқ астынан шешім қабылдаған жоқ, бірнеше жылдан бері үлкен дайындықтар жүргізіліп, негізі қаланған. Өйткені дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесінде бар. Бұл заң бойынша біріккен жауапкершілік деген ұғым пайда болады. Яғни, мемлекетпен бірге әрбір азамат өзінің денсаулығын нығайтуға атсалысады, екіншіден бұл медициналық қызметтің сапасын көтеруге үлкен мүмкіндік береді. Жаңа қаржы көздері пайда болады, яғни, жүйені қаржыландыру бағыты нығаяды.

Өз кезегінде жаңа жүйенің ерекшеліктері мен жүзеге асыру механизмдерін түсіндірген С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті қоғамдық денсаулық институтының директоры Айқын Ақанов бұл жүйені енгізу дер шағында қолға алынып отырған әрі қажетті өзгеріс екенін атап айтты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Денсаулық аптасы қорытындыланды

Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай 1-7 сәуір аралығында облыс көлемінде жарияланған денсаулық апталығы өз мәресіне жетті.

Барша халықты саламатты өмір салтын ұстануға, денсаулықты жақсартуға шақыратын 7-сәуір Дүниежүзілік денсаулық күні бүкіл әлемде, оның ішінде біздің елімізде де жыл сайын кең көлемде аталып келеді. Тарихы 1948 жылдан бастау алатын бұл шара сонан бері барша ұлт пен ұлысқа ортақ күн ретінде қалыптасқан.

Орталық алаңда «Денсаулық – Тәуелсіз елдің тірегі» ұранымен өткен қорытынды акцияда көпшілік жаппай жаттығу жасап, түрлі спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, ләңгі тебу, асық ату секілді ұлттық ойындармен бірге гір тасын көтеру, ересектер мен балалар арасында веложарысқа да кезек берілді. Сонымен бірге алаңға жиылғандар жастар флешмобын тамашалады. Арнайы жасақталған «медициналық қалашық» қала тұрғындарына медициналық көмек көрсетті.

Жалпы, аптаға созылған акция аясында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, облыстық, қалалық, аудандық емдеу ұйымдарында «Ашық есік» күндері өткізіліп, емханаларға қаралуға облыс бойынша үш мыңға жуық тұрғын келген.

Облыс көлеміндегі мектептерде оқушылар арасында «Денсаулық –Тәуелсіз елдің тірегі», «Мен жұқпалы аурулардан сақтана аламын!» тақырыбында шаралар ұйымдастырылып, барлығы 8117 баланы қамтыған.

Медициналық бригада жасақталып, еңбек ұжымдарында көшпелі медициналық қызмет көрсетілді.

Қалалық, аудандық мектептерде «Тіс тазалау ережелерін білесің бе?» атты тренингтер өтіп, дәрістер оқылған.

Салтанатты шарада облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Нұржамал Мырзағалиева жиылғандарды 7-сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күнімен құттықтап, көпшілікті өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, саламатты өмір салтын ұстануға шақырды. Сонымен бірге сала ардагері Раиса Көзденова денсаулықты нығайтуды насихаттауға арналған апталыққа белсене қатысқан көпшілікке, білім беру ұйымдарына, жастарға ризашылығын білдіріп, зор денсаулық тіледі. Акция барысында белсенділік танытқан ұжымдар мен спорттық сайыстардың жеңімпаздары арнайы дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды. Акция соңы өнерлі жастардың мерекелік концертіне ұласты.

А.СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ.

ЖАСТАЙ БЕРГЕН ТӘРБИЕ

жас шыбықты игендей

Еліміздің болашағы – жас ұрпақ үшін тәрбиенің қайнар көзі алдымен ата-ана, сонан соң балабақша. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болғандықтан, балабақша тәрбиешілеріне үлкен міндеттер жүктеліп отыр.

Уақыт үрдісіне сай тәрбие мен білім беруде жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты пайдаланудың маңызы зор. Бұл талап орталықтан шалғайда орналасқан ауылдардағы балабақшаларға да ортақ. Өйткені жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің тәсілдері жаңашыл идеяларға ілесуі керек.

Қармақшы ауданына қарасты Т.Көмекбаев ауылындағы №18 «Қуаныш» балабақшасының ұжымы уақыт белгілеген талаптар үдесінен шығу үшін бірнеше жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашу басты міндетіміз болғандықтан, мерекелік ертеңгіліктерде дайындық барысында олардың жады дамуын, есте сақтау қабілетінің ерекшелігін жіті зерттейміз. Бір байқағанымыз, балалардың бәрі талапты, бәрі өнерлі. Балаларымыз мерекеде тақырыпқа сай тақпақтар мен көріністерді, әндер мен билерді орындауға талапты. Балабақшада балалардың еркін демалуына, ойнауына, рухани-патриоттық тұрғыдан білім алып, тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Балаларымыздың ең алдымен денсаулығын сақтау, нығайту, екінші кезекте жан-жақты дамуы үшін күнделікті жоспармен жұмыс істейміз. Тәрбиешіпедагогтардың ізденістерінің арқасында ата-бабамыздың асыл мұрасын бала бойына сіңіріп тәрбиелеу үшін «Біз мектепке барамыз», «Зерек бала» бағдарламаларын пайдаланамыз. Бұл бағдарламалар балалардың ерік-жігерінің қалыптасуына, өздігінен ізденуіне, жеке тұлға ретінде дамуына көмектеседі.

Балабақшада өткен тақырыптық сабақтар тәрбиешілер мен ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылады. Ертеңгіліктер мен ашық сабақтардың қызықты да тартымды өтуі үшін балабақша-ата-ана бірлестігінің маңызы зор.

Халқымызда «жастай берген тәрбие, жас шыбықты игендей» деген даналық сөз бар. Тәрбиенің талбесіктен басталатынын ескерсек, балалардың бойына барлық ізгілік қасиеттерді балабақшада сіңірсек, еңбегіміздің жанғаны.

Әйгерім ҚАЙЫРҚҰЛОВА,
«Қуаныш» балабақшасының тәрбиешісі.
Қармақшы ауданы.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, оларды дерекқор базасына енгізу тәртібі туралы тұрғындарға арналған ЖАДЫНАМА

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына сәйкес бұзаулар, қозылар, лактар, боталар туған күнінен бастап жеті күн өткенней кейін, құлындар – төрт айлықтан бастап бірдейлендіріліп, ветеринариялық паспорт беріліп, ауыл шаруашылығы жануарларының бірдейлендіру дерек қор базасына енгізіледі. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдегі №339 «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге қолданылатын сырғалар мен ветеринариялық паспорттар ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі тегін сатып алып береді. Жылқы таңбалау арқылы бірдейлендіріледі, ал чип арқылы бірдейлендіру мал егесінің есебінен жүргізіледі. Қазіргі күні Қазалы, Сырдария аудандарында жылқы малы толық чиптеу арқылы бірдейлендіру жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 маусымдағы № 7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілерінде қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген талаптарға сәйкес мал егелері малын сататын немесе соятын жағдайда ауылдық округтердегі ветеринариялық пункт мамандарына өтініш жазады. Осы өтініш арқылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» бойынша ветеринариялық анықтамалар беріледі. Осы берілген құжат арқылы тиісті жерлерге *(жануарлар өсірулі және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, жануарларды дайындауды (союды) және өткізуді жүзеге асыратын мал сою алаңдарына)* жеткізіледі.

Сатылған, сойылған (өлген) малдар ауыл шаруашылығы жануарларының бірдейлендіру дерек қор базасынан шығарылады, ал сатып алынған малдар және жаңа туған төлдер сырғаланып, дерек қор базасына енгізілін отырады. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру өз кезеңінде нақты мал санын анықтауға, мал ұрлығынын алдын алуға септігін тигізеді.

Осыған байланысты халықты бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын.

Ерсұлтан АПЕТОВ,
облыстық ветеринария
басқармасының басшысы.

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА

(Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру мемлекеттік қызметі бойынша)

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 20-бабының 3-1 тармақшаларына сәйкес, Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімі табиғат пайдаланушыларға II, III және IV санат объектілеріне қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Қоршаған ортаға эмиссиялар-ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зиянды физикалық әсер ету болып табылады.

2015 жылы 974 шаруашылық субъектілері болып табылатын кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, шағын кәсіпкерлік серіктестіктері және жеке кәсіпкерлер арқылы тапсырылған құжаттамаларға оның ішінде, халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы - 211, қағаз жүзінде - 363, электронды портал арқылы - 247, МЕМСАРАІПТАМА арқылы - 65 мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары берілді.

Сонымен қатар, 2015 жылы өтінімдері бойынша 392 табиғат пайдаланушыларға II-санат бойынша - 21, III-санат бойынша – 58, IV санат бойынша – 313 қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсаттар берілді.

Оның ішінде, халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы - 93, қағаз жүзінде - 35, электронды портал арқылы – 264 табиғат пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсаттар берілді.

Қазіргі таңда, табиғат пайдаланушыларға мемлекеттік қызметті алуға бірқатар жеңілдіктер жасалған. Қоршаған ортаға рұқсат беру мемлекеттік қызметі халыққа қызмет көрсету орталығы, e-gov үкімет порталы арқылы және Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-де өтінімдер қабылданады.

Сонымен қоса, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру мемлекеттік қызметі бойынша қажетті сұрақтарыңызға облыс әкімінің веп-порталы және 8(7242)60-53-69 байланыс телефоны арқылы жауап алуға болады.

Қызылорда облысының табиғи ресурстар
және табиғат пайдалануды реттеу
басқармасы.

АЗЫҚ–ТҮЛІК ЕМЕС ТАУАРЛАР БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы қала және аудандық деңгейде халық тұрмысына аса қажетті азық-түлік емес тауарлардың бағаларына күнделікті мониторинг жүргізуде.

2016 жылдың 8 сәуірдегі мониторинг қорытындысы бойынша келесі облыстық және аудандық сауда орындарында азық-түлік емес тауарларға ең төмен бағалар бекітілген.

Қызылорда. «Талғат» базарында ерлердің маусымдық аяқ киімдері 3000 теңгеден, әйелдердің маусымдық аяқ киімдері 2000 теңгеден, балаларға арналған аяқ киімдер 1500 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Сыбаға» базарында ерлер шалбары 4000 теңгеден, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 5500 теңгеден сатылуда. «Ажар» сауда үйінде 200 граммдық кір сабын 48 теңгеден,100 граммдық иіс сабын 91 теңгеден, кір жуатын ұнтақ 155 теңгеден, сабынсу 300 теңгеден сатылып жатыр. «Айт-Бек» сауда үйінде теледидар 56000 теңгені, кір жуғыш машина 55000 теңгені құрайды. Ал «Жайна» базарында шаңсорғыш 8500 теңгеден, ал дәптер 10 теңгеден,қаламсап 20 теңгеден сатылуда.

Арал ауданы. «Технодом» сауда үйінде теледидар 55000 теңгеден, шаңсорғыштар 15000, тоңазытқыш 50000 теңгеден сатылып жатыр. Ал «Алтынбай» сауда үйінде, маталардың барлық түрінен тігілген шалдар көйлегі 2500, әйелдерге арналған аяқ киім 3000 теңгені құрайды. «Гүлдана» сауда үйінде ерлер шалбары 5000 теңгеден сатылып жатыр. Ерлерге арналған аяқ киім «Би-би» сауда үйінде 3000 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Аружан» сауда үйінде балаларға арналған аяқ-киім 2300 теңгені құрайды. «Алтынпат» тұрмыска қажетті заттар дүкенінде ұнтақ 130 теңгеден, сабынсу 250 теңгеден, кірсабын 55 теңгеден сатылып жатыр. Ал «Қанағат» коммуналдық базарында дәптер 10 теңгеден, қалам 15 теңгеден халыққа ұсынылуда.

Қармақшы ауданы. «Адина» киімдер дүкенінде барлық киімдер түріне 30% жеңілдіктер жасалуда. Мысалы ерлердің шалбары 3500 теңгеден, ерлердің маусымдық аяқ киімі 4000 теңгеден, әйелдерге арналған көйлек 4000 теңгеден,әйелдердің қысқы-жазғы аяқ киімі 4500 теңгеден, балаларға арналған аяқ киімі 3000 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Сұлтан» сауда дүкенінде кір сабын 80 теңгеден, ұнтақ 250 теңгеден, сабынсу 250 теңгеден сатылып жатыр. «Эльдорадо» дүкенінде тоңазытқыш 60500 теңгеден, телидидар 55000 теңгеден, шаңсорғыш 12000 теңгеден сатылып жатыр. «Молшылық» құрылыс дүкенінде 1 қап әк 1000 теңгені құрайды. «Ұлар» канцеляриялық тауарлар дүкенінде дәптер 12 теңгеден, қаламсап 15 теңгеден сатылып жатыр

Қазалы ауданы. «Арзан» базарында кір сабын 75 теңгеден, сабын су 200 теңгеден, ұнтақ 220 теңгеден сатылып жатыр. «Мұсаев» базарында ерлер аяқ киімі 2500 теңгені, әр түрлі матадан тігілген көйлектер 2500 теңгені, әйелдерге арналған аяқ киім 2500 теңгені, балаларға арналған аяқ-киім 1000 теңгені, ерлер шалбары 3000 теңгені құрайды. «Электрон» сауда үйінде тоңазытқыш 30000 теңгеден, теледидар 40000 теңгеден, шаңсорғыш 7000 теңгеден сатылып жатыр. «Ырыс-Болашақ» базарында әк 80 теңгеден. «Динара» сауда үйінде дәптер 15, ал қаламсап 20 теңгеден сатылуда.

Жалағаш ауданы. «Ақниет» сауда дүкенінде 200 граммдық кір сабын 50 теңгеден, 450 граммдық ұнтақ 257 теңгеден, сабынсу 335 теңгеден арзан бағамен сатылып жатыр. «Ырыс» сауда үйінде ерлердің маусымдық аяқ киімдері 5000 теңгеден, әйелдердің маусымдық аяқ киімдері 5000 теңгеден, балаларға арналған аяқ киімдер 2500 теңгеден, ерлер шалбары 5000 теңгеден, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 3000 теңгеден сатылуда. Ал 200 граммдық кір сабын 70 теңгеден, кір жуатын ұнтақ 200 теңгеден, сабынсу 300 теңгеден сатылып жатыр. Теледидар 35000 теңгені, шаң сорғыш8000 теңгені, тоңазытқыш 55000 теңгені құрайды, дәптер 8 теңгеден,қаламсап 15 теңгеден сатылып жатыр.

Жаңақорған ауданы. «Береке» сауда үйінде теледидар 55000 теңгені, тоңазытқыш 55000 теңгені құрайды. «Нұр» базарында әйелдер қысқы-жазғы аяқ киімдері 2000 теңгеден, ерлер шалбары 3000 теңгеден,балаларға арналған аяқ киім 1300 теңгеден, ерлерге арналған аяқ киім 2000 теңгеден, әйелдерге арналған көйлектер 3500 теңгеден сатылуда, ал әк 50 теңгеден, кір сабын 50 теңгеден, сабынсу 180 теңгеден, ұнтақ 130 теңгеден халыққа ұсынылуда.

Шиелі ауданы. Орталық базарында ерлердің маусымдық аяқ киімдері 5000 теңгеден, әйелдер ерлердің маусымдық аяқ киімдері 4500 теңгеден, балаларға арналған аяқ киімдер 4000 теңгеден, ерлер шалбары 3500 теңгеден, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 3500 теңгеден сатылуда, кір сабын 40 теңгеден, кір жуатын ұнтақ 200 теңгеден, сабынсу 350 теңгеден сатылып жатыр. «Ермат» дүкенінде теледидар 35000 теңгені, шаң сорғыш 16000 теңгені, тоңазытқыш 40000 теңгені құрайды. «Аян» құрылыс заттар дүкенінде әк 50 теңгеден сатылуда. «Ақсәуле» канцеляриялық дүкенінде дәптер 8 теңгеден, қаламсап 15 теңгеден сатылып жатыр.

«СӨЗ АСЫЛЫН ТЕРІП АЙТ»

(ПРОФЕССОР БАҒДАТ КӘРІБОЗҰЛЫНЫҢ БАЗАР ЖЫРАУ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА)

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.

Қазақ әдебиетінің тарихында айрықша із қалдырған айтулы жыр жүйрігінің бірі – Базар жырау Оңдасұлы. Сыр өңірінде ғұмыр кешкен Базар жыраудың шығармашылығы толғамының тереңдігімен, ойының ұтқырлығымен, сөз кестесінің көркемдігімен ерекшеленеді. Руханиямыздың асыл қазынасына қосылған сөз сүлейінің мұрасы қай кезде де зерттеуден кенде болған жоқ. Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда үнемі аты аталды. Оның өлең-жырлары әр жылдарда басылып шыққан «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» атты антологиялық жинақтарға енгізілді. Тіпті кеңес дәуірінде «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімшесінен жарық көрген «Поэты Казахстана» атты аса беделді антологияда ақын өлеңдері Вс.Роджественский мен Вл.Цыбиннің аудармасымен жарық көріп, «Базар был поэтом, который, больше чем кто-либо из его собратьев, живших во второй половине XIX века, следовал исконно древним традициям. Высокохудожественные стихотворения Базара, написанные в форме афористических наставлений, затрагивали такие вопросы, как смысл человеческой жизни, проблемы морали и этики, и имели в свое время широкое распространение в народе», – деп баға берілді. Оның терең ойға жетелейтін тағылымды термелері халық арасында ұдайы орындалып жүрді. Сондықтан Сыр сүлейлерінің ішінде Базар жыраудың есімі ел-жұртқа көбірек танымал болды.

Мұхтар Әуезов оны тұтас бір жүзжылдықты қамтыған қайғы-шер поэзиясы өкілдерінің санатына қосып, «Бұл дәуірге аты белгілі ақындардан кіретін көп болуға керек еді. Өйткені арғы заманның Сыпыра жырауы, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын – барлығы да зар заман дәуірінен үлкен орын алатын ақындар», – деп тұжырымдайды. Ал қолына түскен бірқатар өлеңін жеріне жеткізе талдап, Базардың «сөзге жүйрік, ойлы ақын екенін сезген» Мағжан Жұмабаев 1923 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Базар жырау» атты мақаласында «Шынында, Базарың көр-жерді өлең қылып, көрінгенді мақтайтын құр мал тапқыш болмас. Асса, елдің қамын ойлаған, қалса, өзінің ойына терең бойлаған «кеңесі кеңінен келетін» ақын екендігі өлеңінен байқалады», – деп байлам жасапты.

Қазақ әдебиетінің ең сүбелі құндылықтарын жинақтаған «Бес ғасыр жырлайды» антологиясына енген Базар жыраудың «Сөйле десең, сөйлейін», «Өзімдей-ақ ұл туар», «Әлі де сенде арман жоқ», «Тілек», «Жиырма бес», «Әр кемелге – бір зауал», «Жәмиғы қазақ бір туған», «Тіршіліктің түрлері», «Әлеуметтер, құлақ сал» және басқа терме-толғаулары – шоқтығы биік туындылар. Бұл жинақты құрастырушылар «Бұқар жырау мен Махамбеттен кейінгі толғау алыбы – Базар жырау. Ол кітаби ақындар мен сарай ақындарына да ұқсамайды. Шығармаларының мазмұны мен тақырыбы қазақ өмірінің шындығынан туған», – деп түсініктеме береді.

Базар Оңдасұлының мұрасын алғаш рет жинақтап, жеке кітап етіп бастырып шығарған зерттеуші Шәрібек Алдашұлының жанкешті еңбегін ерекше атап өтуге тиіспіз. Жыр жампозының шығармалары кең таралған аймақта туып-өскен ол баға жетпес рухани байлықтың жоқ-жітігін түгелдеуге өлшеусіз үлес қосты. Ш.Алдашевтің тұжырымдауынша, «Балқы Базардың өз төңірегіндегі басқа барша сүлейлерге сырсандық, шеберхана болғаны анық».

Кейінірек Бегділдә Алдамжар құрастырған Балқы Базардың «Назбедеу» жинағы да ғылыми ортаның назарын аударып, мұраны түгелдеуге мол үлес қосты. Онда Сыр сүлейінің толғаулары, жырлары, термелері, арнаулары, сын-сықақтары, дастандары топтастырылды.

Сонымен қатар, жыр алыбының шығармашылығын арнайы зерттеп, ғылыми еңбек қорғаған, «Балқы Базар жырау» атты монографиясын жарыққа шығарған Серікбай Қосан базартануға елеулі еңбек сіңірді. Ол М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорынан, Орталық ғылыми кітапханадан, мұрағаттардан жыраудың өлең-жырларын ізден тауып, жаңаша текстологиясын түзді. Кейін фольклоршы ғалым Б.Жүсіпов екеуі баспаға дайындаған Базар жыраудың «Жәмиғы қазақ бір туған» атты кітабына жаңаша көзқараспен ғылыми түсініктемелер ұсынды.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы ұзақ жылдардан бері Базар жырау шығармашылығын зерттеумен жүйелі түрде айналысып келеді. Қазақ поэзиясының ұлттық сипатын зерделеп, әдебиеттанушылар қауымына кең танылған ол даңқты Сыр сүлейінің өлең-толғауларын қай кезде де назардан тыс қалдырған емес. Ғалымның Базар жырау туралы мақалалары ғылыми басылымдарда тұрақты жарияланып тұрды. Кейін ол бұл тақырыпқа мықтап ден қойып, 2009-2011 жылдар аралығында Қызылордадан республикалық ғылыми-танымдық «Базар жырау» журналын шығарды. Осы басылым Базар шығармашылығын зерттеушілердің рухани орталығына айналды. Қиындық қыспағына байланысты шығуын тоқтатқан журналдың жарық көрген мерзімі базартанудың берекелі белесі болып саналады. Бұл турасында әдебиеттанушы ғалымның өзі: «Базар жырау» журналының мақсаты – кешегі-бүгінгі Сыр елінің тарихы мен мәдениеті, өнері туралы ғылыми мақалалар мен еңбектерді, сондай-ақ үлгілі көркемөнер туындыларын үнемі жариялап отыру, сөйтіп, оқырмандарымыздың, әсіресе жастарымыздың көзін ата-бабасының адамзат өркениетін жасауға араласқанына, тексіз, төркінсіз жұрт болмағанына жеткізу», – деп ой толғайды. Ғылыми басылым Базар жырау туралы барлық зерттеулерді бір арнаға шоғырландыра алды. Осының бәрі «Базар жырау» журналының бас редакторы, профессор Б.Кәрібозұлының тынымсыз еңбегінің арқасында жүзеге асқаны талас тудырмайды.

Б.Кәрібозұлының бұл тұрғыдағы тағы бір жемісті қадамы – Базар жырау мұрасын 200 томдық «Сырдария кітапханасы» жобасы аясында бастырып шығаруы. Ол бұл жинаққа арнап алғы сөз жазып, жыр жүйрігінің парасатты поэзиясының ерекшеліктері жөнінде ғылыми байыптама жасады. Ғалым осы кезде дейінгі зерттеулердің барлығын сараптай отырып, бүгінгі көзқарас тұрғысынан өзіндік ой түйеді. Оның мақсат-мұраты – ой-тұжырымдардың әркелкілігіне талдау жүргізіп, өз танымы бойынша баға беру, деректер мен мәліметтердің бірізділіг ін орнықтыру. Замананың әрқилы белесіндегі қоғамдық ой сана деңгейінен айтылған пікірлердің анық-қанығын саралап, қорытынды шығарғанды жөн көреді. Зерттеуші бұл тақырыпқа атсалысқандардың бәрінің еңбегіне құрметпен қарайды. Олардың жетістіктерін үнемі атап көрсетіп, үздік үлгілерін көпке танытуға ұмтылады. Яғни, зерттеу мәдениетін толығымен сақтайды.

Ғалым өзі қызмет істейтін оқу орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіндегі Базар шығармашылығын зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың ұйытқысы болып отыр. Кейінгі буынның тек ақынның мұрасын оқып-игеріп қана қоймай, оны салмақтап-саралап, талдап-таразылауға тікелей атсалысуына да мүмкіндік туғызуда. Әдебиет тарихы мен теориясының маманы ретінде Сыр сүлейінің өлең-толғауларының әр қырынан қарастырылуына ықпал етіп келеді. Б.Кәрібозұлы осыған орай «Базар жыраудың әдеби мұрасы филолог мамандар даярлау барысында курстық, дипломдық жұмыстарға, магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертацияларға зерттеу нысаны болып келе жатқанын» атап көрсетеді.

Зерттеуші Базар жыраудың өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтердің дәлдігін анықтауға көбірек көңіл бөледі. Осы тұрғыдан алғанда жыраудың туған жылы мен әкесінің атына байланысты бірқатар деректер даулы болып жүргенін айтуға тиіспіз. Мәселен, Базардың әкесі бірде Оңдас, біресе Өтеміс делінеді. Елге кең таралған поэзиялық антологияларда оның туған жылы 1842 жыл деп көрсетіледі. Сондай-ақ Ханғали Сүйіншәлиев бұл датаны 1839 жыл, Шәрібек Алдашұлы 1841 жыл, Серікбай Қосан 1940 жыл деп танытады. Ал Бағдат Кәрібозұлы жырау шығармашылығын ұзақ жыл зерттеген Шәрібек Алдашев еңбектеріне, ақын ұрпақтарының естеліктеріне, тарихшы Жұмамұрат Шәмшінің «Базар жырау» атты мақаласына сүйене отырып, жыр жүйрігі 1841 жылы туған деген тұжырымға тоқталады.

Ғалым Базар шығармашылығын саясаттың ыңғайында талдаған зерттеушілердің қателігін көрсетіп, қайта қалыптауға күш салды. Әсіресе, жыраудың шыққан тегіне, күнделікті тіршілігіне, шығармашылық өрісіне байланысты жаңсақ кеткен тұстарды айқындауға барынша атсалысты. Ол бұл тұрғыда төрелікті Базар толғауларының мәтінінен ізденді. Логикалық қисынға салып қараса, өлең сөздің деректік сипатының өзі көп нәрсеге көз жеткізетін тәрізді.

Б.Кәрібозұлы жырау шығармашылығындағы тарихи деректер мен тұлғалардың мәліметтеріне де жете мән берді. Ол сөз сүлейін өз заманының жылнамасын хатқа түсірген шежіреші ретінде танытты. Базар мұрасының өлкетану ісіне мол үлес қосатынын атап айтты. Белгілі зерттеушінің «Өз өлкесі мен елінің елеулілерінің есімдерін елеп, өмірлерін көркем шежіреге айналдыра отырып жырлау – Базар жыраудың дара қолтаңбасы. Бүгінгі сырбойылықтардың жоғарыда аталған есімдерге бейжай қарай алмайтыны, ата-бабаларының атын естіп, жанын түлетіп, санасын жаңғыртатыны – өнердің арқасы, Базар арқылы бізге жеткен мағыналы мағлұмат, құнды деректің әсері екенін айтуымыз керек», – деген пікіріне осы тұрғыдан ден қойған жөн.

Б.Кәрібозұлының бұл тақырыптағы зерттеулерінің маңызды бөлігі – Базар жырау толғауларының көркемдік кестесі. Ол ақынның сөз қолданыстарына, бейнелік құралдарының сипатына, кейіптеулерінің өзіндік ерекшелігіне жете мән береді. Базардың «Әр кемелге – бір зауал» толғауын талдай келіп, «Адам, аң-құс, жануарлар бейнесі типтендіріле отырып, өмір құбылыстарының мәні ашыла түседі, дүниенің жалғандығы мен өткіншілігі, өзгермелілігі «батыр – бір оқтық, бай – бір жұттық» дегендейін ыңғайда жырланады», – деп ой түйеді. Жырау философиясын түсініп-түйсінуі де өзгеше. Зерттеушінің ұғымына тоқталсақ, «Желге жеткізбес жүйрік аң, кер құлан, назбедеу тұлпар, қыран бүркіт, бай мен батыр, – Базарша айтқанда, бәріне де зауал бар, мәңгілік еш нәрсе жоқ».

Базар Оңдасұлының толғауларындағы басты тақырыптың бірі – адам бойындағы түрлі қасиеттер. Өмір құбылыстарына аса жетік жырау келеңсіздіктерді санамалай отырып, қашанда адам болып қалуға үндейді. Оны жалаң күйінде жеткізбей астарлы оймен, қатпарлы тұспалмен аңғартады. Тіршіліктің мәнін ұғып, өткінші ғұмырды мағыналы етіп өткізуге шақырады. Бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды өзара шендестіру арқылы елдің көзін ақиқатқа жеткізу мақсатын ұстанады:

Атамыз алыс болғанмен,
Жәмиғы қазақ бір туған.
Бір бәлеге жолығар,
Есебін таппай сөз қуған.
Тозғанмен түрі өзгермес,
Шойынменен тең болмас,
Тұтқасы күміс жез құмған,
Басында іспет бермесе,
Ағармас күнде бет жуған...

Танымы терең, ойы оралымды, сөзі салмақты шайырдың өлең-толғауларындағы мазмұн мен көркемдіктің осындай мағыналы мысалдарын жан-жақты саралаған зерттеуші өзінің тұжырымдарын әдебиет теориясының қалыбына салады. Б.Кәрібозұлы өз еңбектерінде үнемі тоқталатын жырау мен оның кейіпкерлері мәселесін қатар қарастырып, бедерлі байыптама жасайды. «Базар жырау өзі көтеріп отырған мәселенің мәні мен маңызын осы кейіпкерлерінің адамдық мінез-құлқы мен адамгершілік қасиетін ашу арқылы дәлелдеп береді. Дәл осындай жанрлық сипат толғаудың әдебиет туындысы тұрғысынан негізгі қызметі – өмір мен адам танытушылық функциясын толық атқарып шығуына мүмкіншілік жасайды», – дейді ол.

Б.Кәрібозұлы Базар жырау шығармаларын жанрлық жағынан жіктеп, оның әр жанры жетілдіруге қосқан үлесін айқындауға да ден қойды. Әсіресе, ақын мұрасында көп кездесетін үлгінің бірі – толғау тәсілі. Бұл қазақ әдебиетіндегі барлық ақын-жыраулардың өлең-жырларын өрнектейтін әрі кеңінен таралған жанр. Әдебиет теориясын зерттеушілердің толғау туралы толғамдары жеткілікті. Ал Базар жырау толғаудың сипатын әрлендіруге қандай үлес қосты дегенде, Б.Кәрібозұлының ұсынымы мынадай: «Толғау-өлеңге әдеби кейіпкерлерді молынан енгізе отырып, жанр жүгін деректі, нақтылы тарихи адамдар туралы айтумен ауырлата түсу – Базар жыраудың суреткерлік тұрғысындағы қазақ өлеңіне қосқан үлкен жаңалығы».

Ғалымның нақтырақ танытуға ұмтылған мәселесі – Базар жыраудың дүниетанымы. Жалпы, жыраулардың өмірді ұғынуында ұқсастық байқалғанымен, әр тұлға өзіндік көзқарасымен айқындалады. Дүниені тану бар да, оны жыр арқылы бейнелеп түсіндіру бар. Сол тұрғыдан алсақ, қай жыр жүйрігі қандай амал қолданады деген сауалға жауап іздеуге тура келеді. Мәселе жыраудың шығармашылығында дүниенің бейнесі қалай кейіптелетініне байланысты. Б.Кәрібозұлының зерттеуіне жүгінсек, «Өмірлік дүниетанымын өз тағдырымен қосөрім толған отыру – Базар жыраудың әсіресе, өмірінің соңғы кездерінде шығарған жырларына тән ерекшелік. Әр нәрсенің ақиқатын анық тани алған ойшыл жырау, бәрібір, өмірдің өтпелілігіне, дүниенің қысқалығына өкінеді».

Базар жыраудың аса көркемдікпен жырлаған тақырыбы – сөз өнері мен тіл мәселесі. Жыр жүйрігі бойына бидің болмысы дарыған азамат ел тағдырын қара сөзбен жоқтап, ұлт мүддесін қызыл тілдің құдіретімен таныта алатындай болуы керек деп санайды. Жырау әлеуметтің бас көтерер игі жақсыларын сөзді жұптай білуге үндейді, намысын жанып, қайрап-қанаттандырады («Айтқыр деп сені кім айтар, Көп алдында сөзіңді, Күйбеңдеп жатсаң айта алмай»), қызыл тілді қолдана білсе, алапат күшке айналатынын аңғартады («Ашылып сөздің тоғаны, Әл бермейтін бөгеуге, Сарқырап селдей қаптаса»).

Базар Оңдасұлының сөз сиқырын бедерлеген толғау-термелері ел аузына кеңінен таралған:

Сөз асылын теріп айт,
Ақын болсаң бал таңдай.
Ызғытып айда даусыңды,
Інірде көшкен шайтандай.
Семізін сөйле сөзіңнің,
Мың жылқының ішінде,
Он жылғы қысып байталдай.
Сөз нөсерін тасқындат –
Тастан-тасқа секірген,
Тау жайлаған арқардай.

Бұл жағынан да зерделі зерттеуші Б.Кәрібозұлының айқын ұстанымы бар. Ол жыраудың толғауларындағы «Құмарын тарқат, алқаның», «Сөйле, тілім, жосылып», «Сөйле десең, сөйлейін», «Қимылдап қал, қызыл тіл», «Суық сөз құлаққа емес, көңілге мұз» деген әсерлі тіркестерге айрықша назар аударады. Бұл шұрайлы тіркестердің бірқатар толғауларға атау болып тұрғанын да қағыс қалдырмайды. Шешендік өнердің оқулығы секілді Базар термелерінің мазмұнына жіті үңіледі. Сөйтіп, «Базар жыраудың біздіңше, басқа әріптестеріне қарағанда қаттырақ көңіл бөлген мәселесі – тіл, сөз. Осылардың адамдар қарым-қатынасындағы, ел өміріндегі орны. Әсіресе, жырау тілдің, сөздің қоғамдық, өнерлік сипатына айрықша тоқталып отырады. Тіл мен сөздің қоғамдағы, өнердегі орнын белгілеп, оған анықтама беруге Базар жырау бірнеше толғауларында айналып соғып отырған», – деп қорытынды жасайды.

Қазақтың көшпенді өміріндегі, жарасымды тіршілігіндегі тұлғалар да Базар жырау мұрасын айшықтай түседі. Ол әр ұғымның мән-маңызын, оның ұлт дамуындағы орнын бедерлі сөзбен, көркем тілмен бейнелейді. Базар мұрасын зерттеуші ғалым мәселеге осы қырынан келуді де ұмытпайды. Сондықтан оның «Қас жүйрік, батыр мен балуан, көсем мен шешен, бай мен би, арулар жайлы тереңнен толғанады. Образды ойлаудың бейнелілігі, көркем тіл дәстүрлі қазақ поэзиясын осы тұста да Базар жырау анық ақындық қолтаңбамен байыта түскенін байқау қиын емес», – деген байыптамасын ғылыми еңбегінің түйіндемесі деп ұққан абзал.

Б.Кәрібозұлының жырау шығармаларындағы дін тақырыбы жөнінде де берік байламы бар. Ол «Бір ғажабы, Базар жырау толғауларында о дүние, бұл дүние деп жырлау, діни сарындар мен ұғымдарға бір жақты бой ұру атымен жоқ», – деп тұжырымдайды. Сондай-ақ ғалым сөз зергерінің арнау өлеңдері, тәмсіл сөздері, дастандары мен хикаялары туралы оралымды ой өрбітеді. Әсіресе, зерттеуші Базар жыраудың «Айна-тарақ», «Әмина қыз», «Мақпал-Сегіз» дастандарының көркемдік сипатын айқындауға көбірек көңіл аударады.

Жалпы, ғалым бұл тақырыпты жан-жақты қарастырып, Базар жырау жырау жөніндегі барлық зерттеулерді үйлестіру міндетін мойнына алған деуге болады. Сол себепті ол осы мәселеге қатысты әрбір деректі ой елегінен өткізіп, тосын тұжырым, қисынды қорытынды жасай біледі. Қорыта айтсақ, белгілі әдебиеттанушы ғалым Бағдат Кәрібозұлының Базар жырау шығармашылығы туралы зерттеулері жүйелілігімен, тереңдігімен, салмақтылығымен даралана түседі.

Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы-драматург:

“АВТОР ҮШІН ӨЗ ПЬЕСАСЫН КӨРГЕННЕН АУЫР ЕШТЕҢЕ ЖОҚ”



Өңірімізге Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы-драматург Дулат Исабеков іссапармен келген болатын. Қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленген қарымды қаламгер оқырмандармен кездесті, арнайы басқосу аясында тілшілер сауалына жауап берді. Кездесу кезінде жазушының өнер, мәдениет және әдебиет жайындағы ұтымды ойларын көпшілікке ұсынбақпыз.

– Аға, қазақтың алғашқы астанасы атанған Ақмешітке қош келдіңіз! Өзіңізді қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленіп жүрген қарымды қаламгер ретінде жақсы танимыз. Қазақтың арысы Мағжан Жұмабаев жайында «Жүз жылдық махаббат» атты драмаңыз кешегі қойылымға арқау болып жатыр. Осы туындыны жазуға не себеп болды?

– «Жүз жылдық махаббат» пьесасы тапсырыспен жарыққа шыққан дүние. Мен бұл тақырыпты жазуға мүлде қарсылық білдірген болатынмын. Себебі, Қалтай Мұхаммеджановтың «Біз періште емеспіз» деген пьесасынан бастап, репрессия тақырыбында біраз жазушыларымыз қалам тербеді. Қайта-қайта бір нәрсені айта бергеннен оқырман да жалығады. Қайталаудан басқа не айтамыз? Репрессия, полиция, шынжыр, бұғау, абалап үрген итті білдірген едік, қаражат мәселесін шешіп берді. Өнерге қолдау көрсетер жан осындай-ақ, болсын. Осылайша, Лондон сахнасында көрерменнің ыстық ықыласына бөленген театрға біздің қалайша көңіліміз толмасын? Бір айтатыным, автор болып, тер, абақты есігіндегі құлыптың ашылып-жабылуы оның барлығы өтіп кеткен оқиға ғой. Дегенмен, ұсыныс түскен соң зерттеп көрдім. Себебі, Мағжанды жатқа білсек те, оның өскен ортасы мен араласқан адамдары мен үшін әлі анық емес еді. Мағжан қазақтың ғана Мағжаны емес, ол әлем әдебиетінің Мағжаны. Тіпті Зылиханың өзі ешкімге ұқсамайды. Ол отбасында отырып қалған, күйуін жоқтап, асыраушысын жоқтап, қара жамылған әйел емес. Ол бәріне философиялық биіктен қарайтын әйел. Әсіресе, Мағжанды жазуға түрткі болған Зылиханың өмірі болды. Кей жерлерде пьесаны екі сағатқа созып жатады. Себебін сұрасаң Зылиханың әрбір сағаты бір-бір драма дейді. Осыдан кейін өзім де ой жүгіртсем, шынында да солай екен. Жалпы мен репрессия туралы жазғым келмеген. Өйткені, ол қазақ драматургиясында, әдебиетінде жаңалық емес. Біз бұл кезеңнен өттік.

Сондықтан мейлінше басқаша қырынан келуге тырыстым. Іздене келе біраз мәліметтерге де қол жеткіздім. Негізінен Мағжанды ату жөнінде үштіктің қаулысы жоқ екен. Ол Қазақстан Жазушылар одағының 1924 жылғы қаулысы бойынша ату жазасына кесілген. Сондай-ақ, Мәскеу «Мағжанның тағдыры өз қолдарыңызда. Өздеріңіз шешіңіздер» деп Қазақстанға хат жолдаған. Артынша біздің елден «Мағжан атылуы керек. Себебі, ол халық жауы, ұлтшыл, Жапонияның шпионы» деген жауап келеді. Осы үшеуінің өзі оның атылуына толық негіз болды.

Сол тұстағы зиялыларымыздың ұраны қәдімгі «Оян, қазақ» қой. Мағжанның ашынып айтатыны да осы мәселе. Бір сөзінде «Орталық Мағжанды азаптап өлтіруді бұйырса да, Бейімбет пен Сәкенді осынша қина демеген шығар» деп ашынатыны бар. Міне, осындай алып тұлғаның жасымас жігері мен осқыр ойлылығы мені «Жүз жылдық махаббатты» жарыққа шығаруға алып келді. Көбіне қайталаудан көрі басқа қырынан келуді жөн көрдім. Жаңағы шынжыр, абалап үрген иттерді көбірек көрсетпеуге тырыстым. Осылайша, спектакль көргеннен ауыр ештеңе жоқ.

– Кешегі қойылымға арқау болған және басқа да шығармаларыңыз біздер үшін беделі артып, биігі төмендемеген туындылар. Сіз кейінгі прозаға, кейінгі прозашыларға қандай баға бересіз?

Қазіргі проза соншалықты ауызды қу шөппен сүртетіндей емес. Тәуір дүниелер де бар. Бір кездері тұралап қалғанымен жақсы шығармалар жарыққа шыға бастады. Айта берсек Рахымжан Отарбаевтың жаңадан шығармалар жинағы шықты. Одан кейін Төлен Әбдіковтің «Тұғыр мен ғұмыр» деген керемет повесі мен Бексұлтан Нұржекеевтің «Әттең дүние-ай» атты романы жарық көрді. Бексұлтанның бұл шығармасы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатыр. Ұсынылатындай-ақ дүние. Өз оқырмандары арқылы басқа да жақсы бағасын алады деген ойдамын және оқып шығуға кеңес беремін. Жылына осындай 3-4 шығарма жарық көрсе жетеді. Оны сапасына қарамай қаптата берудің де қажеті жоқ. Құр мәнін қашырып аламыз. Совет үкіметінің кезінде де сондай болған. Мысалға, Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы жарыққа шыққанда үлкен оқиға болды.

Мен талай киностудияларға барғанда жаңағы Бексұлтанның шығармасын жиі айтып жүрем. Ол кез келген киноға толыққанды дайын тұрған роман. Тіпті сценарийсызақ, бірінші беттен бастап түсіре беруге болады. Тоқсан бір жастағы кемпірдің өмірін негізге ала отырып жазған. Идея керемет. Барлық қиыншылықты басынан өткерген кейуана тәуелсіздікке қол жеткізіп, дүниеден озады. Автор сол кездегі барлық жайтты шығармада толыққанды қамтыған. Міне, осындай керемет дүниелердің жарыққа шығуы көпті қуантады.

Дегенмен, бір өкініштісі, болмайтын шығармалар да жарыққа шығып жатыр. Қазір ақысын бергенше болса сол шығарма деген атқа лайық болып жатыр ғой. Соның себебі болуы керек, біраз уақыт бұрын бір жігіт маған трилогия жазып алып келді. Қанша уақыт жұмсадың деп сұрап едім, ол небәрі үш жылда жазып шыққанын айтты. Мен қатты ашуландым да айттым, «Айналайын, қазақта бір ғана эпопея және бір ғана трилогия бар. Біреуі М.Әуезовтің «Абай жолы» романы болса, екіншісі Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы. Әбдіжәміл ол трилогияны жазуға осы күнге дейінгі өмірін арнады. Сен қалай үш-ақ жылда жазып шығасың?» деп кейідім. Міне, осындайлар да көп болып кетті. Біз осыдан қашуымыз керек. Болмайтын дүниелердің кесірінен таза әдебиет өз оқырмандарына жетпей қалады. Осыған да абай болу қажет. Адалдық деген нәрсе бар. Осыны ұмытпасақ деймін.

Солтүстік Қазақстан облысындағы С.Мұқанов атындағы театр басшылығының тілегі бойынша жазып шықтым.

– Бұл пьесаңыз біраз жерде сахналанып жүр. Қойылым кезінде әртістердің актерлік шеберлігі болсын, басқа да қырларына автор ретінде көңіліңіз толды ма?

– «Жүз жылдық махаббатты» бірінші болып Петропавл театры қойды. Солтүстік Қазақстан облысына барып, Әшірбек Сығай екеуміз көріп қайттық. Келе сала Әшірбек «Сен көп сынай берме, жаңадан ашылған театр ғой» деп өтініш айтты. Дегенмен, біраз сын айтуға тура келді. Ондағы қателік, әртістер тек мәтіннен шыға алмай, режиссерлік шексіздер аз болды. Содан кейін Зылиханың рөлін сомдаған қызға көңілім толмады. Қарындасымыз ол жерде тек қара жамылып, қайғырып отырған қазақтың қара кемпірін ғана ойнады. Негізгі сыным соған айтылды. Мағжанның жары тек қара жамылып, отбасынан айырылған әйел ғана емес, ол жүз жыл бойы Мағжанды ұмытпаған әйел, Мәскеудің педагогикалық институтын қызыл дипломмен бітірген келіншек, Евгений Онегиндерді жатқа білетін адам, орыс ойшылдарымен араласқан тұлға, орыс поэзиясын да, қазақ поэзиясын да жатқа білген қыз, Петропавлға кеп алғаш рет қазақ жерінде сұлулық салонын ашқан бойжеткен. Осындай бір басына жетіп артылатын өнері бар адам қандай болу керек?.. Өкінішке орай қарындасымыз осы бір ұлы рөлді аша алмады. Енді өнер бағланған кейін барлығы да болады. Онда да кейбір келіспейтін жерлерімді айтып кеттім. Екінші болып, Мұхтар Әуезов театры көрермендерге ұсынды. Ол жерде де менің тарапымнан біраз сын айтылды. Мұнда әртістерді де, режиссерларды да ауыстыруға тура келді. 7-8 айдан кейін қайта қойды, онда да менің көңілімнен шыға қоймады. Бұл шығарма өз режиссерін күтетін шығар деген оймен алғыс айтып, пьесамды алып кетуге бел будым. Олар өтініш айтып, тағы да ойнап көрді. Сол кезде сәл де болса, жақсарды. Одан кейінгі қойылымдар да толықтай көңілімнен шықты. Кей жерлерде сөздерін қысқартып жатады. Ең тәуір деген жерлерін алып тастаса, әрине, қынжыласың. Шыны керек, осыған дейін жақсы сияқты едім. Осы пьеса мені қартайтып жіберді. Өйткені мұның сахнаға шығуы өте қиын болды. Біраз елдердің театрлары басқа да шығармаларымды саханалап жүр. Дегенмен, мен үшін осы Сыр өңірінің театры сахналаған қойылымдар көбіне көңілімнен шығады. Сол үшін арнайы көруге келдім.

Бірде тілдер фестивалі қарсаңында Петербург, Лондон және Қызылорда театры Астанаға келіп, үшеуі де бір спектакльді сахналады. Сол уақытта да Қызылорда театры ұсынған қойылымдар көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Олардың актерлік шеберлігін мойындап, тіпті шетелдік әртістер де өз бағаларын беріп жатты. Сол жерде британдықтар «Осы театрды Лондонға шақырайық» деп ұсыныс айтты. Мен Құсейін Әмір-Темірге хабарласып едім, ол қаражат жағын шешіп жатса, баратындарын айтты. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевқа бірауыз өтініш білдірген едік, қаражат мәселесін шешіп берді. Өнерге қолдау көрсетер жан осындай-ақ, болсын. Осылайша, Лондон сахнасында көрерменнің ыстық ықыласына бөленген театрға біздің қалайша көңіліміз толмасын? Бір айтатыным, автор болып, қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленіп жүрген қарымды қаламгер ретінде жақсы танимыз. Қазақтың арысы Мағжан Жұмабаев жайында «Жүз жылдық махаббат» атты драмаңыз кешегі қойылымға арқау болып жатыр. Осы туындыны жазуға не себеп болды?

– «Жүз жылдық махаббат» пьесасы тапсырыспен жарыққа шыққан дүние. Мен бұл тақырыпты жазуға мүлде қарсылық білдірген болатынмын. Себебі, Қалтай Мұхаммеджановтың «Біз періште емеспіз» деген пьесасынан бастап, репрессия тақырыбында біраз жазушыларымыз қалам тербеді. Қайта-қайта бір нәрсені айта бергеннен оқырман да жалығады. Қайталаудан басқа не айтамыз? Репрессия, полиция, шынжыр, бұғау, абалап үрген итті білдірген едік, қаражат мәселесін шешіп берді. Өнерге қолдау көрсетер жан осындай-ақ, болсын. Осылайша, Лондон сахнасында көрерменнің ыстық ықыласына бөленген театрға біздің қалайша көңіліміз толмасын? Бір айтатыным, автор болып, тер, абақты есігіндегі құлыптың ашылып-жабылуы оның барлығы өтіп кеткен оқиға ғой. Дегенмен, ұсыныс түскен соң зерттеп көрдім. Себебі, Мағжанды жатқа білсек те, оның өскен ортасы мен араласқан адамдары мен үшін әлі анық емес еді. Мағжан қазақтың ғана Мағжаны емес, ол әлем әдебиетінің Мағжаны. Тіпті Зылиханың өзі ешкімге ұқсамайды. Ол отбасында отырып қалған, күйуін жоқтап, асыраушысын жоқтап, қара жамылған әйел емес. Ол бәріне философиялық биіктен қарайтын әйел. Әсіресе, Мағжанды жазуға түрткі болған Зылиханың өмірі болды. Кей жерлерде пьесаны екі сағатқа созып жатады. Себебін сұрасаң Зылиханың әрбір сағаты бір-бір драма дейді. Осыдан кейін өзім де ой жүгіртсем, шынында да солай екен. Жалпы мен репрессия туралы жазғым келмеген. Өйткені, ол қазақ драматургиясында, әдебиетінде жаңалық емес. Біз бұл кезеңнен өттік.

Сондықтан мейлінше басқаша қырынан келуге тырыстым. Іздене келе біраз мәліметтерге де қол жеткіздім. Негізінен Мағжанды ату жөнінде үштіктің қаулысы жоқ екен. Ол Қазақстан Жазушылар одағының 1924 жылғы қаулысы бойынша ату жазасына кесілген. Сондай-ақ, Мәскеу «Мағжанның тағдыры өз қолдарыңызда. Өздеріңіз шешіңіздер» деп Қазақстанға хат жолдаған. Артынша біздің елден «Мағжан атылуы керек. Себебі, ол халық жауы, ұлтшыл, Жапонияның шпионы» деген жауап келеді. Осы үшеуінің өзі оның атылуына толық негіз болды.

Сол тұстағы зиялыларымыздың ұраны қәдімгі «Оян, қазақ» қой. Мағжанның ашынып айтатыны да осы мәселе. Бір сөзінде «Орталық Мағжанды азаптап өлтіруді бұйырса да, Бейімбет пен Сәкенді осынша қина демеген шығар» деп ашынатыны бар. Міне, осындай алып тұлғаның жасымас жігері мен осқыр ойлылығы мені «Жүз жылдық махаббатты» жарыққа шығаруға алып келді. Көбіне қайталаудан көрі басқа қырынан келуді жөн көрдім. Жаңағы шынжыр, абалап үрген иттерді көбірек көрсетпеуге тырыстым. Осылайша, спектакль көргеннен ауыр ештеңе жоқ.

– Кешегі қойылымға арқау болған және басқа да шығармаларыңыз біздер үшін беделі артып, биігі төмендемеген туындылар. Сіз кейінгі прозаға, кейінгі прозашыларға қандай баға бересіз?

Қазіргі проза соншалықты ауызды қу шөппен сүртетіндей емес. Тәуір дүниелер де бар. Бір кездері тұралап қалғанымен жақсы шығармалар жарыққа шыға бастады. Айта берсек Рахымжан Отарбаевтың жаңадан шығармалар жинағы шықты. Одан кейін Төлен Әбдіковтің «Тұғыр мен ғұмыр» деген керемет повесі мен Бексұлтан Нұржекеевтің «Әттең дүние-ай» атты романы жарық көрді. Бексұлтанның бұл шығармасы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатыр. Ұсынылатындай-ақ дүние. Өз оқырмандары арқылы басқа да жақсы бағасын алады деген ойдамын және оқып шығуға кеңес беремін. Жылына осындай 3-4 шығарма жарық көрсе жетеді. Оны сапасына қарамай қаптата берудің де қажеті жоқ. Құр мәнін қашырып аламыз. Совет үкіметінің кезінде де сондай болған. Мысалға, Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы жарыққа шыққанда үлкен оқиға болды.

Мен талай киностудияларға барғанда жаңағы Бексұлтанның шығармасын жиі айтып жүрем. Ол кез келген киноға толыққанды дайын тұрған роман. Тіпті с

АМАНҒА БИІК КӨЛ СӨЗГАН

– Қарақтарым-ай, сендердің жүздеріңді көре алмай арманда кететін болдым-ау!

Әлі қырыққа толмаған жігіт ағасы ауыр күрсінді. Қайғы-мұңның қатқан шері мың қатпарлы болса да, жаралы жанның жабығуы тым қысқа. Екі көзі жұмылған күйі үнсіз отырып қалды. Сәлден соң барып су қараңғы дүниеден бірдеңе іздегендей оң қолын алдыға созды. Онысы Амангелдісіне «жетекте» дегені. Әке қимылын жіті бақылап отырған бала ұшып түрегелді. Пішен оруға баратын мезгіл бол қалған екен.

Бір-бірін жетектеген әкелі-балалы теңіз жағасына ерте келді.

– Аман-ай, мені кешегідей қалыңдау тұсына түсір. Кеш батқанша өндіріп тастайық. Ертең сені апаң отынға әкетем деп отыр.

– Иә, иә, көке!

Құдай бір жағын бермесе, бір жағынан жарылқайды деген рас-ау, пішен орса әкесі орсын. Қимылына көз ілеспейді, Бөгенде бұл кісіге ілесетін пенде жоқ десе дегендей. Әкесіне сүйсіне қараған Амангелді «Шіркін-ай, өскен соң дәрігер болып, әкемнің көзін емдеп жазар ма еді» деген ой құшағына кіре берді. Онысын шалқып жатқан көк теңіз құптағандай салқын самал желімен қамыс басын изетіп, тербетіп қояды. Көзі соқыр болса да, көкірегі ояу, көріпкел, діндір әкенің сол кездегі арманы бала Амангелдінің арманына жол салып еді.

***

Облысымызға белгілі дәрігер-хирург, ҚР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» Амангелді Суханберлиев балалық шағын еске түсіргенде алдымен осы оқиғалар ойға оралады. Теңізбен сырласқан сәттерінде арман-қиялы көкжиекпен ұстасқан айдынды кесіп өсіп, аспан шарлап кететін-ді.

Ол кезде артындағы іні-қарындастары әлі жас. Ал, тұрмыстың жайы мәз емес. Үйге кіретін жалғыз кірісі – әкесі Нұғыманның алатын 16 сом жәрдемақысы. Ол қайбір талғажау болсын, анасы Бибіайша әлдекімдердің отынын шауып беріп, аз-кем пұл айырады. Бұғанасы қатаймаған бала шешесімен бірге үйдегі малдан жалғыз қарашаңгенге отын артып, талай тасыды. Қой басына іркіт төгілген заман болып, жұрттың бәрі жетісін жүрген жоқ еді-ау ол кезде. Десе де, бұлардай бейнет көргендері аз шығар.

Балалық шақтың қиындығы Амангелдінің жігерін жасыта алмады, қайта оқубілімге құштар болып қатарластарының алды болды. 1960 жылы әйгілі құрыш қазақ Зейнолла Шүкіров туған топырақтағы мектеп табалдырығын аттады. Бөген ауылы ол заманда үлкен елдімекен. Он екі мыңдай халқы бар, екі-үш мектеп бар. Тіршілік көзі дегенде ең бірінші дүрілдеген балық зауыты ауызға ілігеді. Күніне ондаған кеме қатынап, теңіз жағасында портты ауылдың тіршілігі қыз-қыз қайнап жататын. Жазғы каникулдар кезінде Амангелді сол зауытта талай жүк тасып еді-ау!

Амангелдінің оқуға деген құштарлығы ауылдағы кітап атаулыны тауысумен бітпей, газет-журналдарға мақала жазуына ұласты. Мектепте оқып жүргенде «Толқын», «Ара», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» басылымдарында мақалалары үздіксіз жарияланымдар бойынша лауреаттарды анықтап, төрт-бес авторды марапаттаған. Олар кімдер десеңіз, қазақтың мәңгайына біткен мықтылары – Тұрсынбек Кәкішев, Рахманқұл Бердібай. Сосын Амангелді Суханберлиев екен. Ал, керек болса! Әбекеңнің қаламгерлік қарымы қаншалықты болғандығын осы деректердан-ақ тани беруге болады десек, қателес қоймаспыз.

Амангелдінің қиыншылық жолы Қармақшыдан соң Қызылордада жалғасты. ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы, бөлім басшысы болды. Кейін облыстық психикалық-жүйке аурулар интернатында медицина бөлімінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. Қазіргі таңда облыстағы медициналық колледждің ұлағатты ұстазы. Әбекеңнің білікті маман екендігі, қызметтегі жетістіктері ескерусіз қалған жоқ. «Ерен еңбегі үшін», «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Байқоңыр ғарыш кешенінің дамуына үлес қосқаны үшін» медальдарымен марапатталды.

Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер, еңбек ардагері Сахи Бідәнов ағамыз Амангелді Суханберлиевті бала кезінен біледі. Бірде жерлес інісі жайлы Сахи ағамыздың теңіздей толқығаны бар. «Көк теңіздің ақ бүйра толқындарында тербетіліп өскен Амангелдіні теңіз-ана кермек суымен, өкпенді қабар ауасымен сылап-сипап жетілдірді. Өзіне тән адами қасиеттерді ол туған жердің топырағынан дарытты. Кішіпейіл, қарапайым, алғыс алуға құмар, дәрігерлік міндетіне адал, төзімді, тәубешіл, сыншыл, әділ, сауатты азамат», – дейді Сәкең. Осыншама қасиеттерді бойына сіңіріп, жанына жақсыларды жинай білген жан туралы тек қана жақсы пікірлер естисің. Енді жоғары білімді дәрігер, еңбек ардагері Болатбек Әлсейітов сынды ағамыздың да пайым-пікіріне назар салып көрелікші. «Амангелді ауыр жүкті арқасынан түсірмеген азамат. Міндетіне алған жұмысты тындырмай тынбайтын, ұйымдастырушылық қасиеті елден ерекше басшы болды. Онысына біз сияқты ағалары қуәміз. Ол облысқа ғана емес, республикаға таныды. Тек қана тән дертіне ем ізденген дәрігер ғана емес, жан жарасына ем ізденген қаламгер», - дейді інісі туралы ол кісі.

Иә, Әбекең жан жарасының да, рухани сырқаттың да емдеушісі. Ол кісінің бабасы Нұржан ишан уақытында мешіт салып, бала оқытқан, әулие кісі болған. Жеті жасында кірешілерге еріп кетіп, Бұхарадағы Көгілташ медресесінде 13 жыл оқып, елге ишан боп оралған екен. Келген бойы ата қонысы Қосуаққа мешіт тұрғызып, діни уағыз жүргізіп, халқына рухани тірек болар тұлға боп өмірден өткен. Әкесі Балғабайдан қонған қасиет ауақты ишанның атағын алысқа жіберді. Емшілік, көріпкелдік қасиетіне талайлар тәнті болған, ел ішінде аңызға бергісіз оқиғалардың талайы айтылады. Осындай ел тұтқасына айналған әулие ишан ұрпағы Амангелді Суханберлиев те бүгінгі күні иманды, игілікті істердің бел ортасында жүр. 2007 жылы туған жері Бөген ауылында Нұржан ишан ата атындағы жаңа мешіттің бой көтеруіне ұйытқы болды. Ағайынтуыс, жанашыр жомарт жандар, жоражолдас сауапты іске біркісідей атсалысты. Дегенмен, бастама көтеріп, бар жұмыстың бейнетін белі қайыспай көтерген Әбекеңе бүгінде қарақұрым ел алғысын айтады. Бүгінде ауылына ажар берген Алла үйі бөгендіктердің иманды жолда жұмылуына, рухани құндылыққа құнарына қол созуына сеп болып отыр.

Жазудың адамы әсте қарап отыруға жаны қас келеді. Әбекең сондай адам. Болмысы бөлек ағаның 2008 жылы «Нұрлы жол» атты кітабы жарық көрді. Бабасы Нұржан ишан туралы құрастырған кітабы жаңа мешіт ашыларда тұсауы кесілді. Ендігі айтпағымыз Әбекеңнің «Нұр Жан» атты ғылыми-көпшілік, руханитанымдық журналы. Баба атындағы қор құрылтайшылығымен 2014 жылы алғашқы саны оқырманға жол тартқан басылымның басқалардан бәсі биік, берері мол. Ес білгелі қолынан қалам түспеген Әбекеңнің бұл журналы оның шығармашылық шабытын басқа қырынан танытты. Журналдың әр санын оқырмандары күтіп отырады. Өйткені, редактор Әбекеңнің тақырыптары тың, тілі шұрайлы, көркемдігіне көз тояды.

Пайғамбардың ақ жолынан айнымаған Нұржан ишанның ұрпағы Амангелді Суханберлиев бүгінде пайғамбар жасына жетіп отыр. Артына ерген іні-қарындастарын жетектеп жүріп жетілдірді, бір әулеттің ақылшысы, қамқоршысы. Қай кезде де ақиқатқа жүгінген, ар-намысын биік қойған Әбекең ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Гүлсім жеңгеміз екеуі немере сүйіп, ата-әже атанып отыр.

***

Теңіздің төл перзенті бала күнгі арманның орындалғанына тәубе етеді. Әкенің көзін жаза алмаса да, бүгінде дейін оның мейірімді жүрегінен, аялы алақанынан дертіне шипа тапқан жандар қаншама десеңші. Мына бір оқиға еске түседі. Кеңестік кезеңде жаппай киік атуға шыққан қармақшылық аңшылардың бірі алас-қапаста басы мен қолын жаралап алыпты. Анығы, оқ тиген. Қысқартып айтқанда, аудандық аурухананың басшылығы жаралы жанның қолын кесуге оқталады. Шамасы бейнеттен оңай құтылудың жолын іздесе керек. Бұл шешімге қарсы шыққан Әбекең қолды кестірмей, кірпік қақпай күзетіп отырып, бір айда құлан таза емдеп шықты. Арманына адал, қызметі қалтқысыз азамат осылай болса керек-ті.

Нағымжан САУЯЕВ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 29 АҚПАНДАҒЫ № 357 ҚАУЛЫСЫ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТІЗІЛІМІНДЕ 01.04.2016 ЖЫЛЫ № 5427 ТІРКЕЛГЕН

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №99 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №99 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5122 нөмірмен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 5 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Кошербаев.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «29» ақпандағы №357 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №99 қаулысымен бекітілген

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: аудандық және облыстық маңызы бар қалалық білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі - «Орта білім беру саласында жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы №658 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №12816 болып тіркелген) бекітілген «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру туралы бұйрықтың үзінді көшірмесі (бұдан әрі - бұйрықтың үзінді көшірмесі).

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз қағаз түрінде алуға жүгінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық түрде стандартның 1-қосымшасына сәйкес ресімделеді, басып шығарылады, мөрмен расталады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қолы қойылады.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жолданады.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының немесе расталған құжаттарымен заңды өкілінің (бұдан әрі – оның заңды өкілі) Мемлекеттік корпорацияға стандартпен 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынуы немесе порталы арқылы электрондық құжат нысанындағы өтініш жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның заңды өкілі Мемлекеттік корпорацияға стандартпен 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

экстернат нысанында оқу туралы стандартпен 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

«Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасын жүргізу жөніндегі бекіту туралы» Қазақстан Республикасын Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қаңтардағы №907 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген 035-1/у нысанындағы дәрігерлік-кеңестік комиссияның қорытындысы (құжат болған жағдайда);

білім алушының ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың уақытша шетелде тұруы туралы анықтама, шетелде оқитындығын растайтын құжат (құжат болған жағдайда);

көрсетілетін қызметті алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі (2008 жылға дейін туған жағдайда) болған жағдайда жеке куәлік көшірмесі (тұлғасын сәйкестендіру үшін қажет);

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның заңды өкіліне тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді немесе көрсетілетін қызметті алушы не оның заңды өкілі стандартпен 9-тармағымен көзделген құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартады және стандартпен 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді (он бес минуттан аспайды);

3) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті беруше жолдайды (бір жұмыс күні ішінде, мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (он бес минуттан аспайды);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (он бес минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды, бұйрық жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (он жұмыс күні ішінде);

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы бұйрыққа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (он бес минуттан аспайды);

8) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері бұйрықтың көшірмесін тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

9) Мемлекеттік корпорация қызметкері бұйрық көшірмесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның заңды өкіліне береді (он бес минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшесіне берілу тәртібі көрсетілсе отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен өзге ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен өзге ұйымдардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;
4) Мемлекеттік корпорация қызметкері;
5) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде өзге де көрсетілетін қызметті берушілер және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

4. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

1) көрсетілетін қызметті алуға не оның өкіліне Мемлекеттік корпорацияға стандартпен 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандартпен 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының құжатын жоғалу жағдайы немесе басқа да себептері көрсетілген өтініш;

комплектке толмаған баланың ата-анасының (заңды өкілінің) жеке куәлігімен (паспортымен) бірге туу туралы куәлігінің (2008 жылы туылған жағдайда) көшірмесі немесе көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

құжаттың мерзімі және берілгенін тіркеу күні көрсетілген, азамат құжатының жоғалғаны жөнінде ақпаратты орналастырған күннен бастап жарияланған мерзімі күнтізбелік он күннен асқан мерзімді басқа басылымнан үзінді немесе бұлінген құжаттың түпнұсқасын ұсыну;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді немесе көрсетілетін қызметті алушы стандартпен 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттарды толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартады және стандартпен 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді (он бес минуттан аспайды);

3) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (бір жұмыс күні ішінде, мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

4) құжаттар қабылданғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары осы регламенттің 6-тармағының 2-5) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері телнұсқаны тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

6) Мемлекеттік корпорация қызметкері телнұсқаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның заңды өкіліне береді (он бес минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшесіне берілу тәртібі көрсетілсе отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	5
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және оларды сипаттамасы	құжаттарды тіркейді	құжаттарды қарайды	құжаттарды қарайды және тұлғаны анықтайды	тұлғаға қол қояды	тұлғаны тіркейді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды	тұлғаны анықтайды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды	тұлғаны анықтайды және оны заңды өкіліне береді	тұлғаны көрсетілетін қызметті алушыға береді
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1- қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшесіне берілу тәртібі көрсетілсе отырып) сипаттамасы

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Мемлекеттік корпорация қызметкері	Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Мемлекеттік корпорация қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және оларды сипаттамасы	құжаттарды тіркейді	құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды	құжаттарды тіркейді	құжаттарды қарайды	құжаттарды қарайды және бұйрықтың жобасын дайындайды	бұйрыққа қол қояды	бұйрықтың көшірмесін тіркейді	бұйрықтың көшірмесін тіркейді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	көрсетілетін қызметті алушы не оның заңды өкіліне тиісті құжаттардың қабылданғаны немесе құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді		құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды	құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды	көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	бұйрықтың көшірмесін тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды	бұйрықтың көшірмесін тіркейді
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан аспайды	1 жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді)	15 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды	10 жұмыс күні ішінде	15 минуттан аспайды	1 жұмыс күні ішінде	15 минуттан аспайды

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 2- қосымша

Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы



«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілемелер:

- мемлекеттік қызмет көрсетуін бастауы немесе аяқтауы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімнің (іс-қимылының) және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), өзге ұйымдардың немесе комиссиялардың атауы;
- таңдау нұсқасы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «29» ақпандағы № 357 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №99 қаулысымен бекітілген

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – негізгі орта білім туралы куәлігін телнұсқасын, жалпы орта білім туралы аттестатын телнұсқасын беру (бұдан әрі - телнұсқа).

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының немесе расталған құжаттарымен заңды өкілінің (бұдан әрі – оның заңды өкілі) Мемлекеттік корпорацияға стандартпен 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынуы немесе порталы арқылы электрондық құжат нысанындағы өтініш жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның заңды өкілі Мемлекеттік корпорацияға стандартпен 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

«Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасын жүргізу жөніндегі бекіту туралы» Қазақстан Республикасын Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қаңтардағы №907 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген 035-1/у нысанындағы дәрігерлік-кеңестік комиссияның қорытындысы (құжат болған жағдайда);

білім алушының ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың уақытша шетелде тұруы туралы анықтама, шетелде оқитындығын растайтын құжат (құжат болған жағдайда);

көрсетілетін қызметті алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі (2008 жылға дейін туған жағдайда) болған жағдайда жеке куәлік көшірмесі (тұлғасын сәйкестендіру үшін қажет);

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның заңды өкіліне тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді немесе көрсетілетін қызметті алушы не оның заңды өкілі стандартпен 9-тармағымен көзделген құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартады және стандартпен 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді (он бес минуттан аспайды);

3) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (бір жұмыс күні ішінде, мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басш

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 29 АҚПАНДАҒЫ № 365 ҚАУЛЫСЫ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТІЗІЛІМІНДЕ 01.04.2016 ЖЫЛЫ № 5429 ТІРКЕЛГЕН

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы №33 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы №33 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5064 нөмірмен тіркелген, «Қызылординские вести» және «Сыр бойы» газеттерінде 2015 жылғы 28 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Кошербаев.

«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімдері, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

3) «электрондық үкімет» веб-порталы www.e.gov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны - электронды (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жүргізілетін ақпаратты орнатуды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қызметтер стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №58 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № болып тіркелген) бекітілген «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мектепке дейінгі балалар ұйымына жолдама бер (бұдан әрі - жолдама), мектепке дейінгі ұйымда орын болмаған жағдайда кезектілік нөмірі көрсетілген кезекке қою туралы хабарлама бер (бұдан әрі - хабарлама).

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз жеткізгіште алу үшін өзінің берген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматтағы деректелген, қағаз басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрімен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсетуден нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберілсін.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті беруіне немесе Мемлекеттік корпорацияға стандартқа 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынуы немесе портал арқылы электрондық құжат нысанындағы сұраныс жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс - қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті беруіне стандартқа 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы өтінің ЭЦҚ-сы арқылы порталда көрсетілетін қызметті алушының деректерін тіркеу, жолдаманы немесе хабарламаны басып шығару және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне бер (30 минуттан аспайды)

Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:



Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:



«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» 1-қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшесіне берілу тәртібі көрсетілсе отырып) сипаттамасы

Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Мемлекеттік корпорация қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы	өтінің ЭЦҚ-сы арқылы порталда көрсетілетін қызметті алушының деректерін тіркеуді немесе құжаттарды қабылдауды бас тарту туралы қолхат береді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі	жолдаманы немесе хабарламаны басып шығарады және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды

«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» 1-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы

Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті беруіне жүгінген кезде:



Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 4-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» 1-қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшесіне берілу тәртібі көрсетілсе отырып) сипаттамасы

Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті беруіне жүгінген кезде:

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы	өтінің ЭЦҚ-сы арқылы порталда көрсетілетін қызметті алушының деректерін тіркеуді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі	жолдаманы немесе хабарламаны басып шығарады және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды

Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 2-қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшесіне берілу тәртібі көрсетілсе отырып) сипаттамасы

Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:



«Б» КОРПУСЫНЫҢ БОС МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ЛАУАЗЫМДАРЫНА ОРНАЛАСУҒА ЖАЛПЫ КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке бикошеті № 28, анықтама үшін телефондары: 8 /7242/ 40-10-58, 8 /7242/ 70-54-87, факс 8 /7242/ 70-54-87, oblkasipkerlik@korda.gov.kz,«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға жалпы конкурс жариялайды:

Туризмді дамыту бөлімінің бас маманы (D-O-4 санаты, 1 бірлік) (уақытша, нетізгі қызметкердің жалақы сақталмайтын оқу демалысы кезеңіне дейін). Лауазымдылық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 83 282 теңгеден 112 431 теңгеге дейін (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Нетізгі функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыс әкімдігі қаулыларының, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асырылуын және басқарма басшысының және оның орынбасарларының бұйрықтарының, хаттамалық тапсырмаларының және басқа да тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы13 маусымдағы Заңына сәйкес белгіленген міндеттер мен тапсырмаларды орындау мақсатында облыстың аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады, туризмді және туристік индустрияны дамыту стратегиясы, мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлейді, туризмді дамытудың өңірлік бағдарламаларды мен жоспарларын әзірлейді, өңірлік туризмді дамыту бағдарламаларын орындауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырады жүзеге асырады, облыстың аумағында туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімін, туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін енгізу үшін қажетті ақпаратты уәкілетті органға хабарлай отырып қажетті ақпаратты қалыптастырады (кем дегенде тоқсанына бір рет). Туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасайды және облыстың аумағында туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді уәкілетті органға табыс етеді, облыстық туристік ресурстарды қорғау жөнінделті шараларды әзірлейді және енгізеді, облыстың аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөнінделті қызметті ұйлестреді, балалар мен жасөспірім лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмді дамытуға жәрдем көрсетеді, туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді, халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет салаларындағы кәсіпкерлікті дамытуды және қолдайды, туристік қызмет, туристік әлеует және туристік нысандармен айналысатын тұлғалар туралы ақпарат дайындайды, туристік-ақпараттық орталықын құру туралы басқарма басшысына ұсыныс енгізеді.Туристік нысандарға шетелдік және отандық инвесторларды тарту және облыстың туристік индустриясын дамыту мақсатында Біріккен ұлттар ұйымының даму бағдарламасының (БҰҰДБ), ЮНЕСКО, ЕуроОдақтың, Еуразиялық экономикалық комиссиясының, Еуропалық кеңістік пен Еуропа даму банкінің, Арал өңірін қутқару халықаралық қорының және басқа да халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің өкілдерімен келіссөздер жүргізеді.Өңірде туризм саласында және өзге де салаларда құзыреттілігі шеңберінде сапалы және уақытылы мемлекеттік қызмет көрсетілуіне жауапты болып табылады.Құжаттарды сақтауына бақылау жасайды және жауапты болады, оларды мұрағатқа жіберу үшін белгіленген тәртіпке сәйкес рәсімдейді. Басқарма басшылығына және бөлім басшысына тұрақты түрде және қажеттілік шегінде анықтамаларды және басқа да ақпараттарды, есептерді, баяндамаларды ұсынады. Туристік саладағы кәсіпкерлік сұбъектілерін жыл сайын антитаңдау, сондай-ақ туризмді дамыту бойынша мемлекеттік саясатын іске асыру мақсатында тиісті іс-шараларды өткізуін ұйымдастырылуына тікелей қатысады және басшылық жасайды (бизнес-форумдар, көрмелер, конкурстар, ақпараттық тұрғай, фестивальдар және т.б.), туристік саладағы кәсіпкерлік сұбъектілерінің республикалық және аймақтық іс-шараларға қатысуларына жағдай жасайды және ықпал етеді. Өз қызметі шегінде басқарма басшысының, жетекшілік ететін басқарма басшысының орынбасарының және бөлім басшысының өзге де тапсырмаларын орындайды, лауазымдық нұсқаулықта қаралған қызметтер жасында функционалдық міндеттерді атқарады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес дәлелді себептермен және заңды негізде бөлім басшысы жұмыс орнында болмаған жағдайда (демалысында байланысты уақытша еңбекке жарамсыз болғанда, еңбек демалысында, қызметтік іс-сапарда және осы сияқты) бөлім басшысының міндетін уақытша атқарады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе гуманитарлық ғылымдар (халықаралық қатынастар, филология) немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени–тынығу жұмысы, мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі) немесе құқық (құқықтану, халықаралық құқық) мамандықтары бойынша жоғары білім.

Мемлекеттік органның штаттық кестесіне сәйкес «D-O-4» санаты төменгі лауазым болғандықтан, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен анықталатын тестілеу бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасын білу.«Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білу.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Жалпы конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі сурет(ен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қаңтардағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділеттік құжатық актілерді тіркеуінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде заңнаманы білуіне тестілеуден өткені туралы шекті мәнінен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

8) конкурсқа қатысуы үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда және кәсіпкерлік бағалауды өту туралы қолданыстағы қорытынды (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттарын толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік мүшелерімен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қуандыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және белсенне қызметі (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілу туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жариялаңымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электрондық түрде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың тұпнұсқасын әкелмелесу бастағанға дейін бір жұмыс күні ішінде растырылмай беріді. Жоғарыда аталған құжаттардың тұпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әкелмелесуге жіберілмейді. Мынадай:

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БЛК-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күнен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі №28, № 310 кабинетте қабылданады.

Әкелмелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әкелмелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатпасымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әкелмелесу «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі № 28, № 311 кабинетте) әкелмелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына ұйымдарды үміткерлерді тестілеуден өткіз бағдарламалары: В-5, С-4, С-5, С-О-3, С-О-4, С-О-5, С-О-6, С-R-2, С-R-3, С-R-4, D-4, D-5, D-О-3, D-О-4, D-О-5, D-О-6, Е-3, Е-R-1, Е-R-2, Е-R-3, Е-G-1, Е-G-2 санаттары үшін: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), қазақтың Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тесттер.

Екінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мөлшері барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (120 сұрақ) кем дегенде 72 дұрыс жауапты және өрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 5 дұрыс жауапты құрайды.

Екінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тесттерді орындау үшін жалпы уақыт 100 минутті құрайды.

«Б» корпусының лауазымына үміткерлердің жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеуден өткізу бағдарламалары:

екінші бағдарлама В-5, С-4, С-5, С-О-3, С-О-4, С-О-5, С-О-6, С-R-2, С-R-3, С-R-4, С-R-5, D-4, D-5, D-О-3, D-О-4, D-О-5, D-О-6, Е-3, Е-4, Е-5, Е-R-1, Е-R-2, Е-R-3, Е-R-4, Е-R-5, Е-G-1, Е-G-2, Е-G-3, Е-G-4 санаттары үшін: мемлекеттік қызметшілер жасағанда (12 тапсырма), коммуникативтілік (12 тапсырма), сараптамалық (12 тапсырма), ұйымдасқандық (12 тапсырма), әдептілік (12 тапсырма), сапаға бағдарлану (12 тапсырма), тұтынушыға бағдарлану (12 тапсырма), жемқорлыққа шыдамдылық (12 тапсырма) тестілеу тесттері.

Екінші бағдарлама бойынша тестерді орындау үшін жалпы уақыт 75 минутті құрайды.

Екінші бағдарлама үшін мүмкін болатын 4 (төрт) балдардың кәтерлі аймақ: бастамашылық – 1,5 балл, коммуникативтілік – 1,5 балл, сараптамалық – 2 балл, ұйымдасқандық – 1,5 балл, әдептілік – 1,5 балл, сапаға бағдарлану – 1,5 балл, тұтынушыға бағдарлану – 1 балл, жемқорлыққа шыдамау – 2 балл.

Әңгімелесу өткізу кезінде кандидаттардың конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыптар жүзе жауаптарына жол беріледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының мүшелігіне ұсынылатын ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредителген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдарын), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері ұсынылуы мүмкіндігін қарастыра алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркелсін. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметі) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, Қағиданың 30-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың тұпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Қағиданың 15-тармағында көрсетілген тұлғаның келісімі бойынша конкурс комиссиясының отырысына шақырылады. Сарапшы ретінде конкурс жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс істейтін бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарғы бойынша жаңалық, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілеті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешімін шағымдана алады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сырдария ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығы маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны:

Конкурс 2016 жылдың 3 мамыр күні сағат 10.00-де өткізіледі.

Өтетін орны: Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №9 Б, «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, байланыс телефондары - 8(724) (36) 21137, 21130.

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі

№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынғы балықтандыру көлемі (дана)
1	Сорқұдық	35	он жыл	кәсіпшілік	6125
2	Қарой	10	он жыл	кәсіпшілік	1750
3	Көктіңкөл	40	он жыл	кәсіпшілік	7000
4	Жирентай	40	он жыл	кәсіпшілік	7000
5	Ызакөл	20	он жыл	кәсіпшілік	3500
6	Қалғандария-Тереңөзек-1	25	он жыл	кәсіпшілік	4375
7	Қалғандария-Тереңөзек-2	26	он жыл	кәсіпшілік	4550
8	Қараөзек №1 учаскесі	700	он жыл	кәсіпшілік	122500

Конкурстық құжаттар топтамасын Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №9 Б «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында (www://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz) жарияланады.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі - 2016 жыл 29 сәуір, сағат 19.00-ге дейін.

Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттермен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (бар болғанда).

Жеке немесе заңды тұлғалар әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке конкурстық өтінім дайындап, оны хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша ұсынады.

Конкурстық құжаттар қатысушының толық атауы мен мекен-жайы, конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайы және «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертте ұсынады.

Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы болады.

КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органының Бірыңғай сенім телефонының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы ҚР ІІМ-нің 31.12.2014 жылғы №962 бұйрығына сәйкес, ҚР ІІМ Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаменті ЗК 169/5 мекемесінде **8 (7242) 21-59-48, 21-61-11** сенім телефондары жұмыс істейтінін хабарлайды.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Мнажев Берик Абибуллаевичтің атына Қызылорда қаласындағы «Абылай хан» атындағы колледжді «Ағылшын тілі» мамандығы бойынша 2010 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0297800 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУ

● ТЫҢ ТУЫНДЫ

РУХАНИЯТ ӘЛЕМІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҚАЗЫНА

Қашаннан оқырманын теңіздің терең тұңғиығында жататын ой орамдарымен баурап алатын, ізгілік пен парасатты, рухани қажеттілікті әрдайым өзінің өмірлік ұстанымы санаған мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухамановтың тағы бір кітабы қолымызға тиді.

Кітап "Парыз бен парасат" деп аталады. Ол Сейілбек ағаның досы, мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбайұлының Сәкеңнің 75 жылдық мерейтойына келгенде Сырдың зиялы қауымы алдында кестелі оймен көмкерілген тілегінде айтылған сөздерімен ашылыпты. Оның қысқартылған нұсқасында былай делінген еді:

"...Менің баяғыда Шиеліге келгенім есіме түсіп тұр. Үлкен думанның үстінен шығыппын. Дастарқан басындағы ұзын мойын қоңқақ мұрын қара жігіт сөз бастады. Жұрттың сілтідей тына қалғанын көріп, мен де құлақ түрдім. Сөйтсем, әлгі сабаз жүрісінен су төгілмес шын жорғаның өзі екен. Қайдағыны қайдан тауып айтып жатқанын білмеймін. Аузымызды аштық та қалдық. ...Біздердің екі сөздің басын қоса аламыз деп, қалаға кетіп, қағаз қажап, қалам сүзістіріп, әлдеқандай болып жүргеніміз құр әншейін өжеңдескен әупірімдік екен. Қазақтың тілін білгенде де, жүйе-жүйесімен, бунақ-бунағымен, ұшалап-мүшелеп білетін, жілігін шағып, майын ішетін, майдалап отырып-ақ, омақастырып, масқараңды шығаратын нағыз ділмар қайда екен десек, мұнда екен ғой.

...Республикада тағы да басшылық өзгерді. Бейсауат басшы жөніне кетті. Жаңа басшы басқару корпусын қайта жасақтай бастады. Оған Сейілбек те ілінді. Тәуелсіздікке жетуге тәуекел етілді. Ол, бірақ оңайға түспеді. Арыстанның аузындағыны, жолбарыстың аузындағыны жырып алуға тура келді. ...Сейілбек Шаухаманов киелі Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу жолында не керек болса, соның бәрін де істеп келеді...". Иә, кітаптың алғысөзінде Әбіш ағаның жүректен шыққан шынайы лебізі осылайша орынды пайдаланылыпты.

Жаңа кітапта Сейілбек ағаның 75 жылдық мерейтойына орай Елбасынан бастап, еліміздің белгілі қоғам қайраткерлерінің лебіз-тілектері, белгілі ақын-жазушылардың арнау өлеңдері мен жазушы журналистердің мақалалары жарық көрген.

Сондай-ақ, кітапта Сәкеңнің қажылыққа барғандағы көңілге түйген терең ойлары, өзі басқарып отырған облыстық ардагерлер ұйымының тағылымды тәжірибесі, "Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз" деген тақырыппен ғаламның, исламның құпия сырлары, қазақтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты әдет-ғұрыптары туралы публицистикалық, танымдық сипаттағы мақалалары жарық көрген.

Кітаптың соңғы тарауындағы "Тобықтай түйін" атты мақаласында Сейілбек аға нәзік сезім мен терең ой тұңғиығына беріледі. Ол кісінің пайымдауынша, Парыз дегеніміз өзіне өмір сыйлаған құдіретті Жаратқан иеміздің, Ата-анаңның, сүйікті Отаныңның, сыйласқан достарыңның, жұбайыңның, өзегінді жарып шыққан ұл-қыздарыңның т.т. алдындағы адамгершілік, азаматтық, өтелмес қарызың. "...Парыз деген не? Парасат деген не? Иә, адамзаттың арғы жаратылысынан бергі сан ғасырлар бойы жинап-терген ғибраты, қоғамдық ақыл-ойы, ғылым-білімі, тәжірибесі ой-қиял жетпейтін шетсіз де, шексіз. Мен осы "Парыз бен парасат" атты кітабымда жоғарыдағы сипаттағы 107 сауалға жауап іздеу арқылы шалқыған ұшы-қиырсыз ақыл-ой мұхитының жалғыз тамшысының ғана дәмін татқандай болдым. Сол арқылы ұлық мәртебелі Парасат әлеміне жақындауға талпындым", деп өз ойын асқан шеберлікпен түйіндейді.

Қорыта айтқанда, Сейілбек ағаның парасат-пайымға толы бұл еңбегі түсінгенге, өмірдің байыбына терең бойлай білуге қабілетті кісіге сарқылмайтын рухани қазына. Оның құндылығына байыпты оқырман ғана тиісті бағасын бере алады.

Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ.

● ӨНЕГЕ

ҚАЗАЛЫНЫҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ АЛМАТЫДА БАС ҚОСТЫ

Елбасымыздың бұқаралық спортты дамыту жайлы тапсырмасына орай жер-жерде түрлі спорттық шараларды ұйымдастыру бөлек алуда. Жалпы спортпен айналысу үшін адам жасына шек қойылмайтыны баршаға аян. Бұл тұрғыда қазалылықтардың да өнегесі құптауға лайықты.

Туған жерден түлеп ұшып, республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет атқаратын жасы елуден асқан қазалылық азаматтардың жыл сайын әрбір қалада бас қосып, спартакиада өткізуі дағдыға айналған болатын. Ардагер спортшылар бұған дейін Астана, Қостанай, Алматы, Қызылорда қалаларында жиналған болса, өткен жылы Қазалы ауданында бас қосқан еді.

Жуырда осы игі бастама өз жалғасын тапты. Еліміздің көркінді шаһары Алматыда жерлестер арасында өткен спартакиаданы Ертай Рахманбердиев, Бауыржан Ахантай, Серік Тоқтаболатов, өзге де азаматтар ұйымдастырды. Айтулы додаға қазалылықтарды аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, танымал ардагер спортшы Толыбай Жүсіпов бастап барды. «Қазалы» командасының құрамындағы Нұрылда Байсақалов, Темірхан Әзербай, Жеткер Қуанғалиев, Жаманан Айғараев, Нұрлан Қозыбаев, Берік Серікбаев, Ербол Нығметжанов, Дархан Искаковтың шебер ойындарына көпшілік тәнті болды. Спорттың футбол, волейбол, теннис түрлерінен өткен жарыста командалар жүлделерді сарапқа салды.

Нәтижесінде «Қазақфильм» командасы футболдан жеңімпаз атанса, II, III орындарды «Қазалы», «Алматы-Астана» командалары иеленді. Волейболдан «Алматы-Астана» командасы топ жарса, «Қазалы», «Алматы -2» командалары үздік үштіктен табылды. Ал теннистен «Қазалы» командасы қарсылас шақ келтірмесе, «Алматы -2», «Алматы-Астана» командалары жүлдегерлер қатарынан көрінді. Жалпы, командалық есеп бойынша жеңімпаз атанған «Қазалы» командасы арнайы кубокпен, Алғыс хаттармен марапатталды. Осылайша ардагер спортшылар туған жерге мерейлі оралды.

Салауатты өмір салтын қалыптастырып, спортты жанына серік еткен Қазалыдан шыққан азаматтардың бұл үрдісі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге екені сөзсіз.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

МИКРОНЕСИЕ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2012 жылдың 16 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы «Микроқаржы ұйымдары туралы» Заңы күшіне енді (бұдан әрі - Микроқаржы ұйымдары туралы Заң). Өз кезегінде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 наурыздағы «Микронесие ұйымдары туралы» Заңы күшін жойды деп танылды.

Микроқаржы ұйымдары туралы Заңның 1 бабының 7) тармақшасына сәйкес микроқаржы ұйымы - коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ осы Микроқаржы ұйымдары туралы Заңмен рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға.

Микроқаржы ұйымдары туралы Заңның 1 бабына сәйкес, коммерциялық емес микрокредиттік ұйымдарды қоспағанда, микрокредиттік ұйымдар 2016 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік қайта тіркелуге жатады. Осы тармақта белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда микрокредиттік ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта ұйымдастырылуға не таратылуға жатады. Коммерциялық емес микрокредиттік ұйымдар 2016 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта ұйымдастырылуға не таратылуға жатады.

Сонымен, мемлекеттік қайта тіркеуден (қайта құрылу) өтпеген және микронесиелер ұсыну бойынша қызметтерін жалғастырып жатқан микронесиелік ұйымдардың қызметі 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңсыз деп танылады.

Микроқаржы ұйымдарының есептік тіркеуден өтуі қағидасының 2 тармағында және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 желтоқсандағы бекіткен микроқаржы ұйымдарының реестрлерін ендіру туралы №386 қаулысында қаралған қосымша құжаттармен бірге бекітілген формадағы өтінішті микроқаржы ұйымдары есептік тіркеуден өтулері үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының орналасқан мекенжайына ұсынулары қажет.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары толық құжаттар жинағы ұсынылған күннен бастап микроқаржы ұйымдары есептік тіркеуден өтуі үшін он бес жұмыс күні ішінде өтінішті қарайды. Аталған мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы микроқаржы ұйымын микроқаржы ұйымдарының реестріне ендіріп, оны осы шешім туралы хабардар етуі не есептік тіркеуден бас тарту себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап беруі керек.

Есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда микроқаржы ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға екінші рет өтініш беруге немесе атауын өзгерту туралы шешім қабылдауға не қайта құрылуға я таратылуға құқылы.

Есептік тіркеуден өту үшін екінші рет берілген өтінішті қарау мерзімі он бес жұмыс күнін құрайды.

Микроқаржы ұйымдары есептік тіркеуден өтулері туралы сұрақтар бойынша кеңес алу үшін қызығушылық танытқан тұлғалар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының қаржы ұйымдарын бақылау және қаржы қызметтері тұтынушыларының құқықтарын қорғау бөліміне келесі мекенжай бойынша хабарласа алады: **Қызылорда қаласы, Б. Асқар көшесі, 30 (бұрынғы Жахаев көшесі), ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының ғимараты, №307, 308 каб; тел 27-70-20.**

"ГазКАД" Қызылорда, Жахаев к-сі и-з "Жібек Жолы" СОО артында Төретам, "Главная дорога" ТЖО
АВТОКӨЛІККЕ ГАЗ ОРНАТАМЫЗ
-диагностика
-регулировка
-жөндеу
АВТОЭЛЕКТРИК
-КОМПЬЮТЕРЛІК ДИАГНОСТИКА
-ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТАР ОРНАТУ
-ҚЫСҚА ТҮЙЫҚТАЛУЛАРДЫ ЖОЮ
-ФОРСУНКАЛАРДЫ АРНАЙЫ ЖАБДЫҚПЕН ТАЗАЛАУ
-КЕЗ-КЕЛГЕН КҮРДЕЛІЛІКТІ ЖӨНДЕУ
8-707-141-80-50; 8-708-171-80-50; 8-771-511-80-50

6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақ-түрік лицей-интернаттарының қабылдау емтиханының 1-кезеңі Қызылорда облысының аудандары үшін төмендегі мектептерде 2016 жылдың 24 сәуірі күні сағат 10.00-де өткізілетіндігін хабарлайды.

- **Арал ауданы - №260 мектеп**
- **Қазалы ауданы - №266 мектеп**
- **Қармақшы ауданы - №121 мектеп**
- **Жалағаш ауданы - №246 мектеп**
- **Сырдария ауданы - №35 мектеп**
- **Шиелі ауданы - №45 мектеп**
- **Жаңақорған ауданы - №110 мектеп**

ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫ МЕН САТУ ОРНЫ

№	Өнім түрі	Сату бағасы, тг/кг
1	Картоп	40
2	Жуа	35
3	Сәбіз	40
4	Қант	225
5	Макарон	135
6	Күріш	155
7	Тауық еті	575
8	1 сортты ұн	73
9	Шәй «Ассам» 250 гр	360
10	Шәй «Ассам» 500 гр	720

Сату орны: Қызылорда қаласы, Ғ. Мұратбаев көшесі, 19 үй, «Самал» бизнес орталығы», 2 этаж. «Қызылорда қаржы компаниясы» ЖШС, байланыс телефондары: 20-21-10, 40-10-07.

АРТРИТ АРТРОЗ:
буындардың сау болуына арналған заманауи технология

ШОРБУЫН ЖӘНЕ ШОРАЯҚ БҮГІНГІ КҮНІ – БУЫНДАРДЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН АУРУЫ. ОЛАРМЕН НЕҒҰРЛЫМ ЖИІРЕК ТАНЫСУ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ ЕМЕС АДАМДАРДА МЕЙЛІНШЕ КЕҢ ТАРАЛУЫ БАЙҚАЛАДЫ...

Шорбуын және шораяқ – буын ауырады

Шорбуынның зұлымдығы сонда, ол жылдар бойы дами береді. Қозғалыс барысында тізелердегі немесе саусақ буындарындағы, сандағы «қытырлы» өткінші ауруды сезіп, сол сәтте дәрігерге асығатын жандар кемде-кем. Ал дәл осы белгі – дереу көңіл бөлуді керек ететін ең алғашқы «қоңырау». Себебі шорбуын кезінде буындардағы болып жатқан өзгерістер көңіл аударылмайтын және бірден-бір белгі, оның зақымдану үрдісіне кедергі келтіруге болады.

Ал шораяқтар соңғы уақытта көбінесе жас адамдарға «шабуыл жасауда». Сырқат буындардың зақымдануының қайталануы кезінде жиірек туындайды, әсіресе жиі физикалық артық күш жұмсау және салқын тию кезінде. Әрі шораяқтардың қауіптілігі індет алдымен буын аурулары арқылы пайда болуында, ол өте жақын арада бауыр, бүйрек, жүрек аурулары секілді аса маңызды зардаптарға әкеп соғуы мүмкін.

Магнитотерапия – сырқатпен күресудің маңызды жағдайы

Заманауи медицина адамдардың белсенді тұрмыс қалпына көмектесе отырып, шорбуын және шораяқтарды жеңіп шығуды үйренді. Бүгінгі күні буындар ауруларын емдеуде магнитотерапияны міндетті түрде қолданудың кешенді шаралары пайдаланылуда. Магнит өрісі буын айналасындағы қанағымды бірнеше есеге күшейтуге мүмкіндік береді, ол заттардың алмасуын белсенділендіруге әсер етеді. Зақымданған буындарға оттегі және нәрлі заттар дұрыс келе бастайды және ауру мен қабынуды болдыратын және қолдайтын ыдырау салдары тез жойылады.

АЛМАГ буындарды өмірге қалай қайтаруды біледі

Буындардың сау болуы үшін ЕЛАМЕД компаниясы АЛМАГ-01 бірегей аппаратын жасап шығарды. Аппараттың әсер етуі жүгіртпелі импульсті магнит өрісін пайдалануға негізделген. АЛМАГ-01 емдік импульстері денеге 8 см тереңдікке дейін енуге қабілетті! Бұл зақымданған буындарға тікелей әсер етуге мүмкіндік береді. АЛМАГ зақымданған буындардағы аурулар-ды, қабынуларды және ісіктерді тез басу үшін керек. Ал ең бастысы, АЛМАГ буындардағы зақымдану процестерін тоқтату және олардың еркін қимылдарын қайтару мүмкіндігін береді.

АЛМАГ – 01 әсіресе терапияның ұзақ курсы талап етілетін шораяқтар, шорбуындар, остеохондроз, гипертония секілді созылмалы аурулар кезінде ұсынылады. Одан басқа, АЛМАГ-тың дәрінің әсерін күшейте отырып, олардың мөлшерін қысқартатын, кейде олардан мүлде бас тарту мүмкіндігін беретін қасиеті бар.

Олармен емделу жеңіл және жайлы. Оны қолдану үшін арнайы білімді қажет етпейді, аппаратты ауырған жерге басып және өз жұмыстарыңызбен еркін айналыса беріңіз: сүйікті фильміңізді қараңыз немесе компьютерде жұмыс істеңіз.

Егер АЛМАГ-01 көмегімен ұсталатын процедураны тұрақты жүргізіп тұрса, онда буындар мәңгілік проблема болуын тоқтатады.

АЛМАГ (АЛМАГ-01) — ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИМПУЛЬСТІ МАГНИТОТЕРАПИЯ
мына ауруларды емдеу кезінде қолданылады:

– ТҮРЛІ БУЫНДАРДЫҢ АРТРИТІ ЖӘНЕ АРТРОЗЫ;
–ОСТЕОХОНДРОЗДЫ;
–ЗАҚЫМДАРДЫ, СОҒЫЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ.

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІМЕН МАКҰЛДАНҒАН. РК-МТ-7 №001382 21.08.2020 ж. дейін

ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР БАР. МАМАНМЕН КЕҢЕСІҢІЗ.
Қолданар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысыңыз.

Акция
«КӨКТЕМДЕ ДЕНІҢІЗ САУ БОЛСЫН»!
ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ БАҒАСЫНА АЛМАГ – 01 ФИЗИОАППАРАТЫН АЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗДАР!
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА
12 – 15 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА
«ДОКТОР ПЛЮС» ДӘРІХАНАСЫНДА
МЫНА МЕКЕН–ЖАЙ БОЙЫНША ӨТЕДІ:
ТОҚМАҒАМБЕТОВ КӨШ., 1
Көрме-сатылымдағы зауыт өкілінің телефоны: 8-705-746-21-71 (тегін кеңес)
Облыстың алыстағы аудандарында физиоаппаратты салынған төлеммен сатып алуға болады (жеңілдік 6%).

ТЕГІН ШҰҒЫЛ ЖЕЛІ ТЕЛЕФОНЫНА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ: 8–8000–80–40–40 БІЗДІҢ САЙТ: WWW.ELAMED.KZ

Тас майы 7+
Күшейтілген жиынтық
Сәйкестік сертификаты - № РОСС RU.AE96.HO4100, 2011 жылы 25-сәуірде берілген.

ТАС МАЙЫ – қабынуға, бактерияларға, вирустарға, ішек құрттарына, қатерлі ісікке қарсы және жарақатты тез жазатын өте күшті әсерлі табиғи минерал.

«ТАС МАЙЫ 7+» күшейтілген жинағы адам ағзасындағы мына жеті түрлі өмірлік маңызды жүйенің жұмысын қалпына келтіруге мүмкіндік береді:

Эндокриндік жүйе (гипоталамус, гипофиз, қалқанша без, бүйрекүсті безі, асқазанасты безі, жыныс безі), ас қорыту жүйесі (асқазан, өңеш, аш ішек, тік ішек, бауыр, асқазанасты безі), несеп жолдары (бүйрек, бүйрекүсті безі, несеп жолы, үрпі, несеп қабы), жүрек-қан тамырлары жүйесі (вена, артерия қан тамырлары, капиллярлар, жүрек), жүйке жүйесі (ми, жұлын, жүйке талшықтары мен жүйке ұштары), тірек-қимыл мүшелері (сүйек, буындар, бұлшық ет талшықтары, сіңірлер, тарамыстар), әйелдер мен ерлердің репродуктивтік жүйесі (әйелдер мен ерлердің жыныс органдары).

«ТАС МАЙЫ 7+» – ағзада пайда болған күрделі өзгерістерді жоятын, ағзаның барлық жұмыстарын толықтай қалпына келтіретін табиғи жиынтық.

БАҒАСЫ – 2500 ТЕҢГЕ, ЕМДЕУ КУРСЫ – 4-6 ҚОРАПША

Жас кезімде қайратымыз барда балаларды өсіріп-оқытып, үлды ұяға, қызды қияға қондырдық. Күш-қуатымыз барда әлде де балаларға көмектесіп, немерелерге қарассақ дейміз. Балаларды ержеткізіп, өзімізге көңіл бөліп деген уақытта денсаулық сыр бере бастады. Мені әрдайым қан қысымы мазалайды. Ауырған кезде 2-3 күн жатып қалып, құлағымда шу пайда болып, төсектен тұра алмай қаламын. Осы халмен балаларға қалай көмектесесің? 10 жыл бұрын инсульт алғанмын. Содан бері ішіп келген дәрілер бауырға әсер етіп, сол дәрілерді ішуді де доғардым. Сосын емнің басқа жолдарын іздедім, оның ішінде сүлік, қан тазарту амалдары болды. Бірақ ол уақытша нәтиже берді. Осы жағдайды көріп жүрген балаларым газеттен көріп, маған Тас майы +7 әкеліп берді. Тас майының 2 курсын қабылдағаннан кейін жағдайым өте жақсарды. Бас ауруым мүлдем кетіп, өзімді ерекше жеңіл сезіндім. Қан қысымым орнына келіп, құлақтағы шудан айырылып, ұйқым қалыпқа келіп, денемде қуат пайда болды. Әрі қарай емді жалғастырып келе жатырмын. Соның ішінде байқағаным, бірнеше жылдар бойы эндокриндік жүйедегі келе жатқан түйіннің көлемі азайғаны УЗИ-ден білінді. Балаларыма мың алғыс!

А.Рыскулова, 56 жаста.
Қызылорда қаласы.

Осы уақытқа дейін мен өзімді мықты әрі саумын деп есептедім. Отбасын ерте құрдым, ауыруға уақыт та болған жоқ. Бірінен кейін бірі балаларым өмірге келді. Отбасымның ырыс-берекесін ойлауым керек болды. Уақыт өте келе денсаулығымның нашарлап, иммунитетімнің төмендегенін сезіп, тұмаумен жиі ауыратын болдым. Әсіресе, күн суытқанда түнімен ұйықтатпайтын қатты жөтел пайда болып, мазасыздандыратын. Кеудемді ауыртып, тамағым қызарып, ентігіп, кейде қызуым көтерілетін. Дәрігердің тағайындаған емі уақытша әсер етті. Туыстарымның ұсынысымен Тас майы +7 және Алтай шипагерінің тұсаукесерінен сатып алып, емделуді бастадым. Күнделікті қабылдап, бір айдан кейін таңғаларлық нәтиже: тыныс алу жолдарым тазарып, жөтел жоғалып, еркін дем алып, иммунитетім көтерілді. Осы аурумен ауыратын кісілерге ұсыныс беремін.

Маматаев Д., 37 жас.
Алматы қ.

Арақты таста! Жаңа өмір баста!

«АлкАтекАктив»

«АлкАтекАктив» – бұл:
– алкогольге тәуелділіктен арылтатын табиғи кешен;
– алкогольге құмарлықты өзгертетін табиғи құрам;
– жүрек–қан тамырлары, жүйке, ас қорыту жүйелері мен бауырдың ферменттік жүйесіне табиғи әсер ету формуласы.

Сәйкестік сертификаты РОСС RU.AE-96H06507 от 12.12.2013

БАҒАСЫ – 2500 ТЕҢГЕ, ЕМДЕУ КУРСЫ – 6 ҚОРАПША

АлкАтекАктивтің, «Алтай шипагері» бальзамының, **«Тас майы+7»**-нің айрықша қасиеттері туралы сіз мына күндері өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:
Қызылорда қаласында 16-сәуірде сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін
Жалаңтөс баһадүр атындағы облыстық спорт мектеп-интернаты, Жанқожа батыр көшесі, №82

Байланыс телефондары:8-701-677-42-42, 8-777-114-13-20

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 25313
Тапсырыс № 386
Электронды оқылым 23000.